

19
НАУРЫЗ
2023

ӨЗ
ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС



ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АБЫЗЫ

6

БІЛІМ



МЕКТЕП АСХАНАСЫ: АНА ДА, БАЛА ДА РИЗА

8

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



НАУРЫЗ БОСАҒАДАН АТТАДЫ

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

02.03.2023

Түнде:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

03.03.2023

Түнде:



+2+4 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз. Тұман.

Күндіз:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №30 (6323) 2 наурыз, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCXz3M2xrlCHx6Br1JgqyqeA

web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

АҚШ дипломаты Қазақстандағы саяси және экономикалық өзгерістерге жоғары баға берді




Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкенді қабылдады.

– Сіздің сапарыңыз стратегиялық ынтымақтастықты нығайтуға тың серпін беру тұрғысынан өте маңызды. Қауіпсіздік, энергетика, сауда және инвестиция секілді маңызды стратегиялық салалардағы сенімді әрі ұзақмерзімді серіктестік қатынастарымыз өте жақсы. Сондықтан біз бұл ынтымақтастықты одан әрі дамытуға дайынбыз. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Құрама Штаттардың тәуелсіздігімізді, аумақтық тұтастығымыз бен егемендігімізді тұрақты түрде берік қолдап келе жатқаны үшін ризашылығымды білдіргім келеді, – деді Президент.

2

БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ

АЛМАТЫДА БӘЙШЕШЕК ГҮЛДЕДІ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының Ботаникалық бағына арнайы келдік. Қары еріп, қараала болып өңі тайып жатқан жерге әр беріп, күзден қалған, сұры қашқан өлі жапырақтар арасынан аппақ болып қылтып, өмірге ұмтылып, айналасына тіршілік нәрін сеуіп жатқан кішкентай бәйшешектерді табанымызбен таптап кетпейікші деп, әр адымымызды аңдай басып, аялап келеміз.

6

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды Алғыс айту күнімен құттықтады.
- Сенатта мемлекеттік қызметті жетілдіру туралы заң жобасы қаралды.
- Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Отандық кәсіпкерлер кеңесінің отырысы өтті.
- Бүгін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Медеу ауданының тұрғындарымен кездеседі.
- Мұнай-газ саласында елімізде бизнеске қойылатын 800-ге жуық артық талап қысқарады.
- АШМ: пайдаланылмай жатқан 5,7 млн га жер мемлекет меншігіне қайтарылды.
- Мемлекет пайдасына қайтарылған ауыл шаруашылығы жерлерінің интерактивті картасы әзірленді.
- Алматыдағы Ботаникалық бақта бәйшешек гүлдеді.
- Жастар саясаты жөніндегі заң күшіне енді.
- Зейнетақы төлемдері туралы ақпарат алу автоматтандырылды.
- Қазақстан мұнай экспорттаушы 10 елдің қатарына енді.
- LRT-ға 50 миллиард теңге бөлінеді.
- Шетел азаматтарының Қазақстанда тұруын жеңілдететін заң күшіне енді.
- 1 шілдеден бастап аптасына екі рет Маскат (Оман) – Алматы бағытында тұрақты рейс ашылады.
- Димаш Құдайбергennің Kieli meken клини Мексика метросында көрсетіле бастады.
- 1 наурыздан 30 сәуірге дейін Қазақстанда француз тілі мен мәдениеті фестивалі өтеді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

НӨМІРДІҢ
НАҚЫЛЫ:

«Қуана білмегенге құт қонбайды,
бағалай білмегенге бақ қонбайды».

Әбіш КЕКІЛБАЕВ.



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ АҚОРДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевті қабылдады.

Президентке «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамының былтырғы өндірістік жұмыстарының негізгі қорытындысы туралы, экономикалық және әлеуметтік маңызы бар Өзен кен орнын оңалту жобасы жөнінде есеп беріліп, мекеменің алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды.

Берілген мәліметке сәйкес компания көмірсутектерді өндіру, өңдеу және тасымалдау бойынша белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізді. Быыл «ҚазМұнайГаз» 23 миллион тоннадан астам мұнай өндіруді жоспарлап отыр.

Мағзұм Мырзағалиев компанияның геологиялық қорларын ұлғайту перспективалары туралы баяндады. Мемлекет басшысына «жасыл жобаларды» дамыту жөнінде берген тапсырмасының орындалу барысы туралы мәлімет берілді. «ҚазМұнайГаз» басшысы компанияның кәсіпорындары орналасқан өңірлерде халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге бағытталған жобалардың жүзеге асырылу барысы туралы айтты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысты бірқатар тапсырма берді. Сондай-ақ, қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарының, әсіресе көктемгі егіс жұмыстары қарсаңында үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажеттігіне ерекше назар аударды.

■ СЕНАТ

Маулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата Бюросының отырысы өтті. Онда 2023 жылғы 2 наурызда өтетін Сенат отырысының күн тәртібі бекітілді.

Алдағы Палата отырысында сенаторлар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екінші оқылымда қарайды.

Сонымен қатар, «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы», «Еуразиялық экономикалық одақта тасымалдауды қадағалау үшін навигациялық пломбаларды қолдану туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобалары да Сенат отырысының күн тәртібіне шығарылды.

Сондай-ақ, сенаторлар Палата отырысында «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы», «Қазақстан Республикасының Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды қарайды. Соңғы заңның нормалары жер заңнамасының жекелеген ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті белгілейді. Одан бөлек, жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдарға әкімшілік істерді қарау және тиісті жазалар қолдану өкілеттіктерін береді. Сауда қызметі бойынша енгізілетін түзетулер әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға оң әсерін тигізеді деп күтілуде.

■ КОНСТИТУЦИАЛЫҚ СӨТ

Конституциялық Сот 100-ден астам дипломатиялық корпусның елшісін және Қазақстанда аккредиттелген халықаралық, өңірлік және шетелдік ұйымдардың өкілдерін қабылдады.

Брифинг Қазақстандағы конституциялық реформалар мен адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 75 жылдығы аясында ұйымдастырылды. Шараға КС судьялары, Сыртқы істер министрлігінің, сондай-ақ ҚазГЗУ және ЕҰУ жоғары оқу орындарының басшылары қатысты.

Өз сөзінде Эльвира Әзімова быыл Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше-мемлекеттердегі құқық қорғау қызметі «Қадір-қасиет, бостандық және әділеттілік бәріне бірдей» ұранымен жүргізіліп жатқанын, ол жаңа үлгіде құрылған конституциялық бақылау органының міндеттеріне сай келетін атап өтті. «Біз шетелдік серіктестермен заң үстемдігін қамтамасыз етуде, жалпыға бірдей танылған тәжірибеге сәйкес демократия мен әділеттілік қағидастарын қорғауда, әсіресе елімізде жүргізіліп жатқан конституциялық жаңғырту тұрғысында ынтымақтастыққа үлкен мән береміз», – деді КС Төрағасы.

■ АССАМБЛЕЯ

Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылымдарының басшыларымен кездесуде сенаторлар мен ҚХА өкілдері алдағы бірлескен жұмыстың басым бағыттарын талқылады.

Отырысты ашқан Палата Төрағасы елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен жүргізіліп жатқан саяси реформалардың маңызына тоқталды. Сондай-ақ, ол Қазақстан халқы Ассамблеясы квотасының Сенатқа берілуі соның бір нәтижесі екенін тілге тиек етті.

Сенат Төрағасының айтуынша, Палатаның жаңа рөлін ескере отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясымен өзара жұмыстың тиімді тетіктерін айқындап алу аса маңызды. Сондай-ақ, түрлі тәжірибелік іс-шараларды Ассамблеяның алдында тұрған міндеттерді назарға ала отырып ұйымдастыру мәселесі де өзекті екені айтылды. Жиын барысында Ассамблея квотасымен тағайындалған сенаторлар, ҚХА Төрағасының орынбасары Марат Әзілханов және тағы басқалары сөз сөйледі. Қатысушылар этносаралық қарым-қатынас саласындағы жанжалды жағдайлардың алдын алу мәселелері бойынша пікір алмасып, осы бағыттағы жұмысты одан әрі жақсарту жөнінде ұсыныстарын айтты.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте Халықтың табысын арттыру бағдарламасын өзектендіру бойынша ұсыныстар мен нәтижелері қаралды.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров бағдарламаны іске асыру нәтижесінде бюджет саласының 1,1 млн-нан астам қызметкерінің, атап айтқанда 74 мың дәрігердің жалақысы орта есеппен 30%-ға, 600 мың педагог пен мұғалімнің – 25%-ға, 173 мың орта медициналық персоналдың жалақысы 20%-ға және бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің ішінде басқа да санаттарының жалақысы 20%-ға өскенін хабарлады. Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және қызметкерлер арасындағы еңбекақы алшақтығын азайту бойынша қосымша шаралар қабылданды. Сонымен қатар, бүгінгі таңда бағдарламаны 2029 жылға дейін өзектендіру шаралары пысықталды. Бұл ретте оны республикалық және өңірлік деңгейлерге бөлу жоспарланып отыр, бұл жергілікті атқарушы органдарды кенінен тартуға мүмкіндік береді. Алдағы кезеңдегі негізгі бағыттардың бірі Өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде экономиканың нақты секторында жұмыс орындарын құру, «Ауыл Аманаты» жобасы аясында ауыл халқының табысын арттыру, сондай-ақ шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету болып табылады.

● ПРЕЗИДЕНТ

ЕЛ БОЛАШАҒЫ ҮШІН

жауапкершілік таныту және өзара қолдау көрсету аса маңызды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды Алғыс айту күнімен құттықтады

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Алғыс айту күнімен отандастарын шын жүректен құттықтаған Президент, бұл мерекеде ұлтымыздың салт-санасында берік қалыптасқан достық, қайырымдылық және ынтымақ сынды мызғымас құндылықтар кеңінен дәріптелетініне маңыз берді.

• **Бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлер және еліміздегі ауқымды өзгерістер кезеңінде әрбір азаматтың ел болашағы үшін жауапкершілік танытуы және өзара қолдау көрсетуі аса маңызды.**

«Алғыс айту күні қиын-қыстау замандарда да мейірімділік пен жанашырлық таныта білген әрі бірлігін бекем еткен халқымыздың ізгі қасиеттерін жадымызда жаңғыртады. Бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлер және еліміздегі ауқымды өзгерістер кезеңінде әрбір азаматтың ел болашағы үшін жауапкершілік таны-

туы және өзара қолдау көрсетуі аса маңызды. Бүгінгі мейрамда адал еңбегі, жасампаздығы мен отанышылдығы үшін барша халқымызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Біз еліміздің ауызбіршілігін сақтай білсек, кез келген қиындықты еңсереміз. Әділетті Қазақстанды құрып, елімізді одан әрі өркендете береміз деп сенемін. Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке және толағай табыс тілеймін!», – делінген Президент құттықтауында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

АҚШ дипломаты Қазақстандағы саяси және экономикалық өзгерістерге жоғары баға берді



(Басы 1-бетте)

Президент америкалық дипломатқа ілтипат білдіре отырып, Қазақстан мен АҚШ арасында дипломатиялық байланыс орнаған уақыттан бері екіжақты және көпжақты форматта өзара тиімді іс-әрекеттер жолға қойылғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы экономикалық ынтымақтастық жөнінде айта келе, АҚШ Қазақстанның 62 миллиард доллардан астам инвестиция құйған ірі инвесторларының бірі екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия елдері мен АҚШ-тың сыртқы саяси ведомстволары жетекшілері кездесуінің Астанада өтуі маңызды екенін атап өтіп, Құрама Штаттардың C5+1 форматын-

дағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған күш-жігерін құптады.

Өз кезегінде АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, АҚШ Президентінің сәлемін жеткізді.

– 30 жылдан астам уақыт ішінде қол жеткізген елеулі табыстарды екіжақты деңгейде дамыту, серіктестігімізді тереңдету және нығайту маңызды. Тек соңғы жылдары біз осы бағытта маңызды әрі жаңа жетістіктерге қол жеткіздік. Біздің қарым-қатынастарымыз берік және байланыстарымыз күшейе түседі. Біз осы бағыттан айнымаймыз. Сонымен қатар, бүгін Астанада Орталық Азиядағы серіктестердің басын қосқаныңыз үшін Сізге және Сіздің ұжымыңызға алғыс айтамыз. Әріптестеріміз – Сыртқы іс-

тер министрлерімен бірге аймақты біріктіруге бағытталған берік әрі тығыз қарым-қатынас жасау, нақты мәселелерге назар аудару жөніндегі жұмыстарға атсалысамыз деп үміттенемін. Бұл Орталық Азия халықтары мен Америка Құрама Штаттарына пайдалы болады деп ойлаймын. Біз ең жоғары деңгейде өзара іс-әрекет жасауға ниеттіміз. Мен осында келгеніме және ынтымақтастығымызды нығайтуға өз үлесімді қосқаныма өте қуаныштымын, – деді Энтони Блинкен.

Сонымен қатар, Америка дипломаты Қазақстандағы саяси және экономикалық өзгерістерге жоғары баға берді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Джо Байденге жүреқарды сәлемін жолдады. «АҚШАМ-АҚПАРАТ».



№18 сайлау округі бойынша Алматы қалалық мәслихатының деутаттығына кандидат Дулат Тұрсынұлы Тастекеевтің САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚҰРМЕТТІ ЖЕТІСУ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Мен – Тастекеев Дулат Тұрсынұлы, 1982 жылдың 22 маусымында Семей (қазіргі Абай) облысының Ақсуат ауданына қарасты Екпін ауылында қарапайым ауыл тұрғындарының отбасында дүниеге келдім.

Бастауыш мектепті туған ауылымда тәмамдаған соң, орта білімді Алматы қаласының Абай атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернатында алып, оны 1999 жылы бітірдім. Жоғары білім алу жолында Экономика және құқық институтын (2003 ж.), Қазақ мемлекеттік Заң университетін (2007 ж.), Францияның НЕС бизнес мектебін (2009 ж.), Мәскеудің «Сколково» басқару мектебін (2015,

2019 ж.ж.) сәтімен аяқтадым. 2019 жылы «Нархоз» университетінің «Бизнесі басқару» мамандығы бойынша доктор (PhD) дәрежесін иелендім. 2022 жылдан бері АҚШ-тың Гарвард бизнес мектебінде дәріс алып жүрмін.

Кәсіби еңбегім 2003 жылы еліміздің қаржы-банк ұйымдарында басталып, 2010 жылдан қазірге дейін «TAS GROUP» компаниясының негізін қалаушысы әрі басқарушысы, «ASSYLITAS» қоғамдық қорының құрылтайшысы қызметін атқарып келемін.

Соңғы бірталай жылда еңбегімнің ерекше бағыты – инфрақұрылымды дамыту, қаржылық сауаттылықты арттыру, шағын бизнесті қолдау, жастар спортын көтеру, сондай-ақ қазақтың ұлттық мәдениетін жандандыру жобаларын бастап, оларға қайырымдылық көмек көрсету.

Кез келген алматылық сияқты мен де жайлы қалада өмір сүріп, жайлы қалада балаларымды өсіргім келеді. Сол себепті де, нақты күшім мен мүмкіндігімнің барын ескере отырып, әсем қаламыздың тұрғындарының мүддесін мемлекет алдында қорғау арқылы азаматтық борышымды өтеу мақсатында мен Алматы қаласы Мәслихаты сайлауына түсуді жөн көріп отырмын.

АРДАҚТЫ АҒАЙЫН!

Менің сайлауалды бағдарламам қаламыз-

дың және оның ішіндегі Жетісу ауданының ең көкейкесті мәселелерін қамтиды. Бұлар-сыз қазіргі заманауи қала өмірі мүмкін емес. Атап айтсам:

Қауіпсіздік.

■ Ауданымыздың тұрғындары таза, жарық әрі қауіпсіз көшелермен жүріп, балаларын жайлы аулалар мен әсем саябақтарда серуендетуге тиіс. Айнала толы қоқыс, қираған жол болса, өскелең ұрпақты тазалыққа, тиянақтылыққа, жауапкершілікке баулу өте қиын екені анық. Осы өзекті мәселелерді құзырлы органдар тарапынан жедел түрде шешуге барынша ықпал етуге әзір екенімді растаймын. Ауданымызды көркейту мен жайлы ету жолындағы менің кәсіпкер және жалпы қала өміріне немқұрайлы қарамайтын азамат ретіндегі нақты қадамым есебінде өз атымнан Жетісу ауданында бес жылда бес жастар воркаут алаңын салып беруге уәде беремін.

Бірақ әрине, ең бірінші кезекте алаңдаушылық туғызып отырған мәселе – балалар қауіпсіздігі. Ауданымыздағы көшелердің көбінде көлік жүрісін реттейтін белгілер жоқ, түн ішінде көп көше тас қараңғы, балалардың денсаулығына едәуір қауіп төндіріп жатқан ашық канализация люктары аз емес. Мектептерге іргелес кейбір жолдарда жылдамдықты бәсеңдеткіштер мен жаяу өткелдер жоқ. Бұл мәселелерді ең алғашқы кезекте шешуге күшімді саламын.

Мен барлық көшелерге жарық түсіру мен қауіпсіздіктің негізгі құралы болып табылатын бейнебақылау камераларымен ауданымызды барынша қамту жұмысын тез арада жүзеге асыруға ықпал ететін боламын;

■ Ауданымыздың ең көкейкесті қиындықтарының бірі – әбден тозығы жеткен су құбырлары мен канализация желілері. Олардың басым көпшілігінің жасы бүгінде 60–70 жылдан асып отыр. Бүкіл әлем ХХІ ғасырдың жетістіктеріне бөленіп жатқанда, мұндай күйкі жағдай, әрине, түсініксіз әрі ұят. Тұрғындарымыз негізгі тұрмыстық қажеттіктерін өтей алмай жүрген жағдайда қандай да бір жоғарғы жетістікке ұмтылу мүмкін емесі хақ. Мәселен, Туркменская көшесінің канализация жүйесі мәселесі әділ

ашуымызды туғызады. Осыдан бірер жыл бұрын салынған магистральдық құбырға көше тұрғындары әр үйден бірнеше жүз мың теңгеден өткізіп берсе де, әлі күнге дейін қосыла алмай отыр. Мердігердің жауапсыздығы кесірінен құбыр үстінен шала-пұла төселген топырақ жаңбырлы күні адам өтпес илеуге айналып жатады. Сондықтан да тиісті мемлекет органдарымен бірлесе отырып, бұл өзекті мәселені шұғыл түрде шешуге бар күш-қуатымызды саламыз. Атап айтқанда, осы жаздан қалмай тиісті күрделі жөндеу жұмыстарын бастауды талап ететін боламыз;

■ Инженерлік коммуникациялардың тозуымен қатар ауданымыздың көркін құртып отырған және ең бастысы, Алматының сейсмикалық жағдайында азаматтарымызға орасан қауіп төндіріп отырған күрделі бір мәселе – ескірген тұрғын үйлер. Қазірдің өзінде ауданымызда 200-ге жуық осындай нысан бар. Осы бағыттағы қала әкімшілігі жүргізіп отырған жұмысты барынша жеделдету және тұрғындарды апаттық жағдайдағы үйлерден көшіру мен оларды лайықты баспанамен қамтамасыз ету аса маңызды деп есептейміз;

■ Шағын және орта бизнесті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу, азаматтарымыздың қаржылық сауаттылығын арттыру – менің орасан тәжірибе мен біліктілік жинаған салам. Жетісу ауданы тұрғындарының бизнес ашуға және оны жүргізуге барлық мүмкіндігі, яғни қолжетімді қаржы, кәсіпкерлік бағдарламалар және мемлекет тарапынан еселі қолдау болу қажет;

■ Балаларымыздың сапалы білімі, заманауи мектептер мен балабақшалар – жарқын болашағымыздың іргелі алғышарты. Ауданымыздың халық саны өсуде, олай болса әр бүлдіршініміз лайықты білім беру орнында сапалы біліммен қамтылу керек. Сәйкесінше, ең бірінші кезекте мектеп орындарының жетіспеушілігі мен оқушылар саны шектен асқан кластар мәселесін шұғыл шешуге кірісетін боламын. Мәселен, №148 мектепке 300 орынды қосымша ғимарат

Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына кандидат Д.Т.Тастекеевтің сайлау қорының қаражатынан төленді. Тапсырыс беруші: Д.Т.Тастекеев.



құрылысын, сондай-ақ №112, №103 мектептерді жапсырма салу арқылы кеңейту жұмыстарын жеке бақылауыма алуға уәде беремін;

■ Жайлы өмірдің және бір ажырамас бөлігі – жоғарғы дәрежедегі медициналық қызмет, тиісті деңгейдегі ауруханалар мен емханалар. Денсаулық сақтау саласындағы әлемдік технологиялар күннен-күнге дамып келе жатқанда, Жетісу ауданының ешбір тұрғыны осы үрдістерден тыс қалмау керек. Бірінші кезекте «Саяхат» а/б мен Жұмысшылар қалашығы маңындағы тұрғындарды сапалы да заманауи емханалармен қамтамасыз ету, сонымен қатар «Құлагер» ықшам-ауданының алғашқы емдеу-санитарлық көмек орталығын кеңейту жұмыстарын шұғыл түрде шешуге нық ниетімізді білдіреміз.

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Аталған мәселелерді шешу жолында бар күш-жігерімді салатыныма Сіздерге уәде беремін, себебі Алматы қаласы Мәслихатының сайлауына арам дүниескорлық мақсатпен емес, халқыма пайдамды тигізсем екен деген ниетпен түсіп отырмын. Қала тұрғындары мен мемлекет арасында дәнекер болып, Сіздердің мүдделеріңізді қорғау үшін аянбай күресетініме күмәнданбаңыздар!

ДАУЫС БЕРУ – СІЗДЕН, ҚЫЗМЕТ ЕТУ – БІЗДЕН!

№3 сайлау округі бойынша

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне депутаттыққа кандидат Бақытқали Жанасұлы Дәрменовтің САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ СІЗ–БІЗ АР-НАМЫС, САЙЛАУҒА КЕЛ, ТАҢДАҢЫЗ!

Мен – Бақытқали Жанасұлы Дәрменов, 1968 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жанаталап ауылында дүниеге келгенмін. Алматы Малдәрігерлік институтында білім алғанмын. Бір ұл, бір қызым бар.

Мен еңбек жолымды әке тәрбиесінде тәрбиеленіп, шопан таяғын ұстаудан бастадым. Халық шаруашылығында қызмет атқардым.

1. Еңбек адамы туралы. Кез келген мемлекетті дамыту үшін сол мемлекеттің адамдарын дамыту керек. Бұрын еңбек адамдарына қашан да құрмет көрсетілетін. Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Еңбек адамы қадірленсін» деген болатын. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Елімізде еңбеккер адам, кәсіби маман – ең сыйлы адам болуға тиіс. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек», – деген еді.

Еңбек – қашан да қадірлі. «Адамды адам еткен – еңбек» деген қағидамыз былай қойғанда, еңбексіз нәпақа, күнкөріс жоқ. Бұрын еңбек адамының моральдық кодексі деген болатын. Онда алдымен еңбек алғашқы орынға қойылып, еңбек адамының құқығы басты назарға алынып келді. Сондықтан мен еңбек пен еңбек адамы елеусіз қалмауы жолында жұмыс істеуге бел буамын.

2. Жастар туралы. Біздің болашағымыз – жастар. Ал білім – қоғамның негізгі құндылығы. Қазақстанда бұл мәселе көп нәрсені қараусыз қалдырып отыр. Бұған сыбайлас жемқорлық, сансыз реформалар, оқу орындарында ашық түрде пара алу фактілері кездесіп отыр. Пара алу – біздің елімізде культке айналған. Менің басты қаруым – сыбайлас жемқорлықпен күрес болмақ.

3. Білім туралы. Білімнің күйреуі – ұлттың күйреуі. Еліміз жыл сайын шетелдерге білім алуға «Болашақ» бағдарламасымен жастарды жіберуде.

Бірақ ескерілмей келе жатқан бір маңызды сала бар. Ел үкіметі жастарды шетелге жібергенде олардың алдына белгілі бір міндеттер қоймай келеді. Алатау ауданы аумағында Жастар үйі қарастырылмаған. Осы мәселелерді шешу үшін аталмыш аудандарда Жастар үйін ашуға, орта және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған жатақханалардың бой көтеруіне қозғау саламын.

4. Денсаулық – ұлт байлығы. Алатау ауданында оңалту орталығын ашуға ықпал етуге атқарушы билік алдында мәселе көтеру де менің қасиетті парызым болады.

5. Көлік туралы. Кез келген мемлекеттің дамуы оның ұрпақ санының артуына байланысты болады. Бүгінде Алатау ауданы үлкен даму үстінде, онда болашақ бар. Сондықтан аудан мен қаланың орталығын байланыстыру үшін транспорт мәселесі өткір болады. Сондықтан орталық пен ауданды байланыстыратын арзан бағалы электро-метробус жолдарын салу сұралып тұр. Мен Парламент қабырғасында осы мәселелерді көтеретін боламын. Бұл – мемлекеттік мәселе. Мәтөк аудан халқын көріз жүйесімен қамтамасыз ету және оны қалыпқа келтіру де назарымнан тыс қалмайды.

6. Абаттандыру туралы. Алатау ауданындағы жолдар мен жаяу жүргінші жолдарын қалыпқа келтіру сын көтермейді. Осы мәселелерді зерттей келе, Нәби көшесі мен Бенберин көшесі бойында жаяу жүргізушілерге арнап жол салуға және халықтың көп баратын бұлаққа таяу маңда ақсақалдардың бас қосып, әңгіме-дүкен құратын шайхана орнын ашуға да болар еді.

7. Ұлылыққа тағзым ету. Алатау ауданындағы Ақжазық көшесін мемлекет және қоғам қайраткері Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділов атына ауыстыруды атқарушы билік алдында мәселе етіп қоятын боламын.



8. Туған жерім. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Талас өңіріндегі шабындықты алқапқа Шағалалы мен Коммунар 3 аралығына 12 км тас жолын салуға ықпал етемін; Талас–Сарысу аудандарындағы Талас өзенінің су мәселесін екі ауданға да теңдей бөлуге ықпал ететін боламын.

Құрметті сайлаушым!

Мен Сіздерге сенемін! Бірге жол тауып, мәселені бірге шешейік! Сайлауға келіп, маған дауыс береді деп сенім артмамын. Сіздің дауысыңыз Парламентте отырып, халықтың мүддесін қорғауға мүмкіндік беретін болады! Бізге бұрын ешқашан болмаған нәрсені армандауға қабілетті адамдар керек. Алға жылжы немесе жолды босат! – дейтін тұлғалар керек.

Республикалық бюджет қаражатынан төленді. Тапсырыс беруші: Б.Ж.Дәрменов.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

МАҢЫЗДЫ НАУҚАН

Философия, саясаттану және дінтану институтының Саяси зерттеулер орталығы «Жастар мен әйелдердің сайлау процесіне қатысуы: жаңа трендтер» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өткізді.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Саяси зерттеулер орталығының «Дөңгелек үстел» жұмысына белгілі қазақстандық ғалымдар мен сарапшылар, партия белсенділері, қоғам қайраткерлері қатысты. Алдағы маңызды өзгеріске байланысты жас депутаттар мен әйелдерге 30 пайыздық квота бөлу туралы сараптамалық пікірлер талқыланды.

«Дөңгелек үстелдің» алғы сөзін Философия, саясаттану және дінтану институтының бас директоры Серік Сейдуманов ашып берді. Сондай-ақ, Парламент науқаны туралы ілкімді ой-пікірлерін ортаға салды. Содан кейін негізгі модераторлықты Дина Ешпанова жүргізіп отырды.

– Алда үлкен саяси науқан келе жатыр. Ол жағынан толық хабардарсыздар деп білеміз. Біздің осы жолғы жиынымызға депутаттыққа үміткерлер де келіп отыр. Жастар, әйел азаматшалар да өз бақтарын сынап көрмекші. Ең бастысы, социология маманы ретінде айтарым, білгір азаматтар мен азаматшалар елге қызмет ете білсе екен, – деді академик Серік Тұрарұлы.

Сайлаудың маңыздылығы туралы, оның мемлекет әлеуетін еселейтіндігі жайында игі ойлар қозғалды. Бұл туралы философия ғылымының кандидаты Дина Ешпанова айтып берді.

– Сайлауға түсушілер қатары артқандығын байқап отырмыз. Бұл жолы 30 пайыз жастар, әйел азаматшалар қатысуда екен. Оларға арнайы квота да бөлінгенін көрудеміз. Бұйырса, бәрі белсенді іс қылады деп сенеміз, – деді ол.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

Энтони БЛИНKEN:

АҚШ Қасым-Жомарт Тоқаевтың
саяси реформаларын толығымен қолдайды

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді мен Қазақстанға алғаш рет ресми сапармен келген АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкенің кездесуі аясында тараптар екіжақты және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылады, сондай-ақ екіжақты саяси диалогты дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Өзара түсіністік пен
мүдделестік

Тараптар екі ел арасындағы, әсіресе ынтымақтастықтың экономикалық және инвестициялық салаларындағы қатынастардың барлық кешенін одан әрі жандандыруға үміт білдірді.

Мемлекеттік хатшы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси және экономикалық реформаларына толық қолдау білдіріп, демократиялық даму, заң үстемдігін нығайту және азаматтық қоғамның ролін кеңейту саласындағы ынтымақтастыққа дайын екендігін растады.

Энергетикалық қауіпсіздік, климаттық өзгерістер, көлік маршруттарын әртараптандыру және санкциялық шектеулер жағдайында өзара сауда саласындағы ынтымақтастықтың ілгерілетуде

матындағы министрлер кездесуіне қатысты. Астанада өткен алқалы жиынның күн тәртібінде өңірлік ынтымақтастық пен Орталық Азияның АҚШ-пен серіктестік мәселелерін одан әрі дамыту, экономика, энергетика, экология және өңірлік қауіпсіздік мәселелері кеңінен талқыланды.

Өңірлік
ынтымақтастық:
тиімді дипломатиялық
алаң

Мәртебелі мейманның ресми сапары аясында еліміздің Сыртқы істер министрлігінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді, АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен, Қырғызстанның Сыртқы істер министрі

C5+1 форматында жоғары деңгейдегі кезекті кездесу өтті.

Алқалы жиында экономикалық және энергетикалық ынтымақтастық, климаттың өзгеруі, сондай-ақ контртерроризмді қоса алғанда көптеген мәселелер талқыланды. Келіссөздер нәтижесінде C5+1 елдері өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша пікір алмасуды одан әрі жалғастыруға келісті. Бүгінде C5+1 тетігі Орталық Азияның көпжоспарлы дамуын қамтамасыз ету ісінде өңірлік ынтымақтастықтың тиімді дипломатиялық алаңы ретінде өзін көрсетіп келеді.

C5+1 форматындағы министрлер басқосуынан кейін АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен мен ҚР Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді БАҚ өкілдерімен кездесті. Брифинг барысында журналистердің сұрақтарына жауап беріп, ресми сапарын қорытындылаған Э.Блинкен Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халық игілігіне бағытталған реформаларын қолдайтынын жеткізді.

– АҚШ тарапы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың игі әрі батыл реформаларын әрқашан қолдайды. Біз, әрине, Қазақстан қабылдайтын іс-шаралар мен атқаратын жұмыстарды бақылап, саралап отырамыз. Мәселен, елдегі адам құқығын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, оның тамырын жою секілді. Сондай-ақ, президенттік мерзімге қатысты жүргізіліп жатқан реформалардың орны ерекше. Бұл өзгерістер өз кезегінде Қазақстанды инвестиция құюға қолайлы ел ретінде көрсетеді. Біз 1991 жылдан бері Қазақстан экономикасына 50 млрд доллардан астам инвестиция құйдық. Болашақта да АҚШ тікелей инвестиция көлемін арттыруға ниет білдіріп отыр, – деді Энтони Блинкен.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді C5+1 форматына қатысушы елдердің делегациясын осы жылдың 8-9 маусымында өтетін «Астана» халықаралық форумына қатысуға шақырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫ

АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен Қазақстандағы ресми сапары жайлы Twitter парақшасында жазба жариялады.

Э.Блинкен Мемлекет басшысы мен СІМ өкілдеріне алғыс білдірген. Сондай-ақ, ол жазбасын қазақ тілінде бастаған. «Қайырлы күн, Қазақ елі! Менің сапарым сәтті, ал кездесулер нәтижелі болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қазақстан Сыртқы істер министрлігіне қонақжайлықтары үшін және C5+1 кездесуін өткізгені үшін алғыс білдіремін», – деп жазды Энтони Блинкен өзінің Twitter парақшасында.

Айта кетсек, C5+1 кездесуінен соң АҚШ Мемлекеттік хатшысы Орталық Азия елдерімен байланысты нығайту және олардың экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін оларға қаржылай қолдау көрсетілетінін мәлімдеді. «Орталық Азия елдеріне олардың экономикалық тұрақтылығын нығайту, ЕО аймақтық сауда байланыстарын кеңейту бастамасы аясында 25 миллион доллар бөлінеді», – деді Энтони Блинкен.

Энтони Блинкен алдағы күндері ресми сапары аясында Қазақстаннан өзге Орта Азиядағы 5 елді аралап қайтпақ. «Әрине, біз салынған санкциялардың салдарын көріп отырмыз. Алайда, біз өзгенің есебінен санкцияларды тартып жатқан елдердің кәсіпорындары мен компанияларына арнайы лицензия береміз. Біз жана логистикалық мүмкіндіктерді, экспорттық нарықтарды іздейміз. Орталық Азия елдеріне жана серіктестер мен жана мүмкіндіктер ашу жолында бар күшімізді саламыз», – деді Блинкен.

ДЕНСАУЛЫҚ

Қазақстанда халыққа онкологиялық көмек көрсету шараларын күшейту жоспарланып отыр. Тиісті мәселе ҚР Премьер-Министрі Әліхан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қаралды.

Онкологиялық медициналық көмекті одан әрі жетілдіру мақсатында Онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспар әзірленді. Оның шеңберінде онкологиялық скринингтік бағдарламаларды кеңейту, адам папилломavirusына қарсы вакцинациялауды енгізу, қажет болған барлық өңірлердегі онкологиялық орталықтарды жөндеу, сондай-ақ олардың диагностикалық жабдықтарын жаңғырту жоспарланып отыр. Бұдан басқа, Алматыда, Атырау, Алматы, Ұлытау, Жетісу және Ақтөбе облыстарында жана онкологиялық орталықтардың құрылысы, ал Астанада Протонды терапиямен жабдықталған Ұлттық ғылыми орталықтың ашылуы күтілуде. Сондай-ақ, ісікке қарсы жана дәрілік заттарға қолжетімділікті арттыру, онкологиялық пациенттер үшін мобильді бригадалар желісін кеңейту, ғылымның тиісті бағыттарын және жалпы кадрлық әлеуетті дамыту жөніндегі шаралар көзделген.

ҚАУІПСІЗДІК

Үкімет басшысының төрағалығымен өткен жиында орталық және жергілікті атқарушы органдардың алдағы су тасқыны кезеңіне дайындығы мәселелері қаралды.

Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин оңтүстік аймақтарда белсенді қар еру басталуына санаулы күн қалғанын айтты. Сол себепті, қазір барлық күш-жігер алдын алу шаралары мен су тасқынына дайындыққа бағытталған. Жалпы, осы жылдың екі айында 15 шақырым уақытта бөген салынды, 24 шақырымға жуығы жөнделді, 16 шақырымнан астам жана бөген, сондай-ақ елдімекендердің айналасында 41 шақырым білік тұрғызылды. Одан бөлек, 5 мың шақырымға жуық каналдар мен арықтар, автомобиль жолдары және теміржолдар астында 8,5 мыңнан астам су өткізу құрылысы тазартылды.

Су тасқыны жағдайының қолайсыз дамуы кезінде су басу аймағында 255 елдімекен болуы мүмкін. Оған қоса, су тасқыны төтенше жағдайларының ықтимал жағымсыз салдарының алдын алу және оларды азайту мақсатында Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің облыстық кіші жүйелерінің бөлімшелері жоғары дайындық режиміне ауыстырылды. Премьер-Министр «Көктем–2023» республикалық оқу-жаттығу шаралары шеңберінде тасқын қаупі туындаған жағдайда нақты іс-қимыл алгоритмін пысықтауды, жарылғыш заттар мен инертті материалдардың қажетті қорын дайындап, хабарландыру жүйелерінің дайындығын тексеруді тапсырды.

БАНКРОТТЫҚ

3 наурызда қарызы бар азаматтардан банкроттыққа арыздар қабылдана бастайды. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен сараптамалық кездесуде ҚР қаржы вице-министрі Ержан Біржанов мәлім етті.

Банкроттық туралы заңда рәсімдердің үш түрі қарастырылған: соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Қаржы министрлігі мен мүдделі мемлекеттік органдар 2023 жылғы 3 наурызда банкроттыққа өтінімдерді қабылдауға толықтай дайын. Ақпараттық жүйе әзірленді. Өтініштердің басым бөлігін онлайн түрде қабылдау жоспарланған. Өтінішті eGove «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы және ХҚКО арқылы, скринингтік тексеру жүргізу үшін «E-salyg Azamat» қосымшасы арқылы беруге болады. Басқа тараптардан өтініш берушінің критерийлерге сәйкес келетіні туралы ақпарат алғаннан кейін 1414 арқылы өтінімнің қабылданғаны және өтініш берушінің банкрот ретінде қаралатыны туралы хабарлама жіберіледі. «Бұл өтініш берілгеннен кейін 14 күннің ішінде жасалады», – деді Біржанов. Оның айтуынша, банкроттық – бұл адамға белсенді экономикалық кезеңге өтуге көмектесетін соңғы шара. Банкроттық қаржылық рақымшылық шарасы емес. Оның салдары бар. Атап айтқанда: банкрот деп танылған адам бес жыл бойы несие ала алмайды.

7 жыл бойы тізімде тұрады және 7 жылдан кейін ғана банкроттық рәсімін қайта пайдалана алады. 3 жыл бойы Мемлекеттік кірістер органдары банкрот мәртебесін алудың заңдылығына және жалтарудың түрлі схемаларын пайдаланбауға қатысты қаржылық мониторинг жүргізетін болады. «Өтініш бермес бұрын азаматтар ойлануы керек. Банкроттық – бұл адамға белсенді экономикалық кезеңге өтуге көмектесетін соңғы шара», – деді спикер. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру процедурасы бойынша борышкерге банкрот мәртебесі берілмейді.

КВОТА

2023 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдардың рұқсатымен Қазақстан аумағында 13 496 шетел азаматы еңбек етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда шетел жұмыс күшін (ШЖК) пайдаланатын 1645 жұмыс беруші бар. Еңбек мигранттары келетін негізгі елдер: Қытай – 3411 адам, Үндістан – 1693 адам, Түркия – 1615 адам, Ұлыбритания – 1104 адам, Өзбекстан – 391 адам. Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын республикаға шетел мамандарын тартуға квота белгілейді және бөледі. 2023 жылға Еңбекмині ШЖК тартуға арналған квотаға 22 226 бірлік (0,24%) белгіледі.

(Дереккөздер: akorda.kz; primeminister.kz; ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі, ҚР ОСК баспасөз қызметі, Egemen.kz, Polisia.kz, «АҚШАМ-АҚПАРАТ»).

ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕР

- АҚШ – Қазақстан экономикасындағы ең ірі инвесторлардың бірі.
- 1993 жылдан бері АҚШ-тың Қазақстанға тікелей инвестицияларының жалпы ағыны 62 млрд доллардан асты.
- 2022 жылдың алғашқы үш тоқсанында Америка инвестициясының көлемі 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 58,8 пайызға, яғни 5 млрд долларға дейін өсті.
- Қазақстанда АҚШ капиталының қатысуымен 590-ға жуық кәсіпорын жұмыс істейді.
- Өткен жылы Қазақстан мен АҚШ арасындағы өзара сауда айналымы 3 млрд доллардан асты. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 37,2 пайызға артық.
- Экспорт көлемі 1,15 млрд долларға, ал АҚШ-тан Қазақстанға импорт көлемі 1,89 млрд долларға жетті.

тараптардың мүдделерін ескеру қажеттілігі туралы өзара түсіністікке қол жеткізілді.

АҚШ Мемлекеттік хатшысы Орталық Азия елдері мен АҚШ сыртқы саяси ведомстволары басшыларымен бірге C5+1 фор-

Жээнбек Кулубаев, Тәжікстанның Сыртқы істер министрі Сироджиддин Мухриддин, Түркіменстанның Сыртқы істер министрі Рашид Мередов пен Өзбекстанның Сыртқы істер министрі Бахтиёр Саидовтың қатысуымен



МЕРЕЙ

ЖАҚСЫ ІС – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Елімізде көп игі өзгеріс орнауда. Қазақ мемлекетінде өмір сүретін әрбір ұлт пен ұлыс толеранттылық пен татулықтың қадірін біледі. Бір шаңырақ астында ғұмыр кешкендіктен «Әділетті Қазақстан» бастамасын әрбірі терең түсінеді. Осы бетімізден таймасақ, талай биік шыңдарға қол жеткізетін боламыз.

Алғыс айту күніне орай Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының 30 жылдығына және заң ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп академиясының академигі, Республиканың еңбек сіңірген қайраткері Өмірәлі Жалаиридің 80 жылдығына арналған мәдени-танымдық іс-шара өтті.

Шараның мақсаты – елдегі татулық пен бірлікті сақтау. Сонымен бірге, өзге ұлт пен этнос өкілдерінің ауызбіршілігін қалыптастыру болып табылады.

Мерекелік концерт барысында концерттік бағдарлама мен жәрменке болды. Бұл шара қоғамды тәуелсіздік құндылықтары төңірегінде топтастыруға, ұлттық бірлікті, қазақстандық патриотизмді нығайтуға ықпал етеді.

Іс-шараға ғалымдар, оқытушылар, жалпы білім беретін мектептер, колледждер, Алматы қаласындағы этномәдени орталықтардың өкілдері, «IMEI» халықаралық психикалық тәрбие орталығы, «Адат», «Эстрелла», «Гүлдер би студиясы» би ансамбльдері және БАҚ өкілдері қатысты.

– Біраздан бері ел аумағында «Алғыс айту» күні аталып өтіліп келеді. Бұл мейрам біздің халқымыз үшін аса маңызды. Өйткені, қазақ халқы ежелден қонақжай. Өзіне болмаса да, қонағына, жақынына, туысына жағдай жасап, бауырмалдық танытқан. Осындай кеңпейіл дархандығы әлі күнге дейін жалғасып келеді, – деді профессор Жаппар Әділбеков.

Жиында 80 жылдық мерейтойы «Алғыс айту» күнімен жапсарлас келген мемлекет және қоғам қайраткері Өмірәлі Жалаири туралы ақжарма ойын, ізгі тілегін айтқандар болды.

– Алғыс айту күні аса маңызды мейрам деп білеміз. Мұның астары тарихпен үндеседі. Сонымен қоса, елдің дамуына үлес қосып, тыныштық пен бейбітшілікті сақтай білген азаматтарды да айта кету керек. Сондай жанның бірегейі Өмірәлі Жалаири ағамыз деп білеміз. Жалпы, әркім осы кісіден адал еңбек қылса, қоғам өркендейді, – деді философия ғылымының докторы Сайлау Қасабеков.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

AMANAT-қа

ДАУЫС БЕР

«AMANAT» партиясы

алматылықтардың барлық талап-тілегін ескереді!

НАР ТӘУЕКЕЛ!

Шығарған: «Almaty Aqparat» ЖШС-і.
Тапсырыс беруші: М.Б. Отыншев. Алматы қаласы мәслихаты депутаттарының сайлауында партиялық тізімді ұсынған «AMANAT» партиясы Сайлау қорының қаражатынан төленді.

19

НАУРЫЗ

2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ

МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

САЙЛАУ – 2023

СЕЙТЖАНОВ
АБДЫКАХАР

Менің бағдарлауым туралы толық ақпаратты сақтай біле аласыз:

Қолдайыңыз о мақаланың арқасында бізге қолдау беріңіз!

ЗАҢ – ЗАМАНА ЗЕРДЕСІ

Негізгі мамандығым заңгер болғандықтан, бірінші көтеріп отырған мәселеміз әділ заң қабылдау. Оның ішінде қаржы, экономика, кәсіпкерлік, әлеуметтік, қауіпсіздік саласы қамтылса деймін. Бүгінде адамдардың көпшілігі өзінің құқығын, заң тұрғысында қалай қорғалатыны жайлы біле бермейді. Конституциялық норманың 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілген. Сондықтан мен қарапайым адамның жағдайын жақсартатын заңдарды қабылдауға, өз күшімді салуға бара жатырмын. Бізде заң әділ болмай, қоғамның жағдайы жақсармайды. Жасаратыны жоқ, біздегі қабылданған шара-

лар байлар мен олигархтарға ыңғайланып жасалған. Себебі, солардың шашбауын көтеретіндер депутаттыққа сайланады. Нәтижесінде біздің азаматтардың басым көпшілігі кедейлік шегінен аса алмайды. Халық үшін жайлы өмірді қамтамасыз ету үшін кедейлікпен, әсіресе мемлекеттің әлеуметтік саясатын нақты реформалау үшін күресуе дайынмын.

МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫН ҚАРАСТЫРУ ҚАЖЕТ

Алматы қаласының атынан шығып отырғаннан кейін, шешімін таппаған мәселелер мені алаңдатады. Әсіресе, қыс пен күз айларында тау аңғарына шығып қарасаңыз, қаланың төбесі ыс пен түтінге толы екенін көресіз. Жылыту маусымы басталғанда ЖЭО-мыз ауаны ластайды. Ең өкініштісі, онда

№5 сайлау округі бойынша ҚР Парламенті Мәжілісіне депутаттыққа кандидат

АБДЫКАХАР АНУАРҰЛЫ СЕЙТЖАНОВ: ҮЙЛЕСУ ҮШІН СӨЗ БЕН ІС, ӨЗГЕРІС КЕРЕК, ӨЗГЕРІС!

әлі күнге көмір пайдаланылады. Бұдан қала берді, қала көшелеріндегі көлік кептелісі үлкен мәселеге айналып барады. Еліміздің ең үлкен мегаполисі болғандықтан, сырт жақтан келушілер көп. Метромыз тек бір бағытта жүрмей бірнеше бағытта қатынаса. Қалаға кіреберістері Талғар, Қаскелең секілді қала маңындағы елдімекендерге метро станцияларын жеткізудіміз керек. Осы орайда, жастарымыз ойлап тапқан жаңа технологияларды қолданасқа енгізсек. Оларға қолдау білдірсек, нұр үстіне нұр болар еді. Жалпы, республикамызда экологиялық жағдай қиын. Көптеген елдімекенде ауызсу жетіспейді. Ғалымдарымыздың зерттеуі бойынша Қазақстандағы сулардың 70%-ы адамға зиян келтіреді. Құрамы өте нашар, тұздылығы көп. Бұл дегеніміз, адамның денсаулығына тікелей әсер ететінін түсінуіміз қажет.

ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ ҚОЛҒА АЛЫНУЫ КЕРЕК

Мемлекеттің халық табысы мен еңбек нарығы саласындағы саясаты халықтың өмір сүру сапасы мен демографиялық және өмір сүру жасының ұзақтығының негізгі факторлары болып табылады. Мен өзім жеті баланың әкесі, ал жұбайым «Алтын алқа» медалінің иегері болғандықтан, мен көпбалалы отбасының барлық тілектері мен қажеттіліктерін білемін. Орта таптың нығаюына жол бермейтін «ке-

дейлік тұзақтарынан» шығу, мемлекет тарапынан біздің азаматтарымыздың заңды мүдделерін қамтамасыз етуі негізгі басымдыққа айналуы тиіс. Сондықтан біз қоғамымыздың әрбір мүшесін нақты әлеуметтік қорғау туралы заң қабылдауға бастамашылық етуіміз керек. Мен үшін мемлекет өзінің барлық әлеуметтік міндеттемелерін орындауы, қамтамасыз етуі қажет.

Менің басымдықтарым:

- түрлі балалар үйірмелері мен секцияларының желісін құру, оларды мемлекеттік қаржыландыру;
- кәсіптік техникалық білім берудің тиімді мемлекеттік жүйесін қалпына келтіру;
- студенттер, магистранттар және жас оқытушылардың көптеген мәселелерін шешу, оларды жатақханалармен қамтамасыз ету, оның ішінде отбасы типі, жоғары білім алуға мемлекеттік квоталар санын ұлғайту, стипендиялар мөлшерін едәуір ұлғайту;
- елдің ғылыми әлеуетін дамыту, жас ғалымдарды жан-жақты мемлекеттік қолдау;
- жердегі жәрдемақыларды және жалақыны тұрақты ұлғайту, бірінші қажеттіліктегі азық-түлік пен дәрілік препараттардың құнын, сондай-ақ монополистердің қызметін, коммуналдық қызметтердің құнын және өзге де тарифтерді қатаң бақылау;
- жұмыс істеп тұрған балабақшаларды, мектептер мен ауруханаларды қаржыландыруды едәуір ұл-

ғайту, сондай-ақ жаңа балабақшалар, мектептер мен ауруханалар салу;

– мемлекеттік бюджет есебінен медициналық қызметтер мен дәрілік препараттар тізбесін кеңейту;

– қаланың барлық ЖЭО-ларының көмірден табиғи газға тез ауысуы, лас ауа және өзге де экологиялық мәселелерді түбегейлі шешу;

– қоғамдық көлік жұмысын едәуір жақсарту, көлік жүктемесін азайту, тұрақ мәселесін шешу;

– қала ғимараттарын сейсмикалық күшейту мәселелерін шұғыл шешу, осы мақсатта жергілікті және республикалық бюджеттен қолдау қаражат бөлу;

– қала көшелерін, саябақтарын мен аулаларын абаттандыру бойынша белсенді жұмыс жүргізу;

– метро құрылыстарын жандандыру және метро станцияларын барлық аудандарға жеткізу бойынша іс жүргізу.

– ҚР жас азаматтарына жұмысқа орналасуға мемлекеттік көмек көрсету, жұмыс орындарын құру үшін жағдай жасау,

– адал сот төрелігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы нақты күрес, полиция мен барлық мемлекеттік органдардың тиімді жұмысы, барлық деңгейдегі бюджет қаражатының жұмсалудың тұрақты депутаттық бақылау;

– қаланың жаңа аудандарын белсенді салу арқылы мегаполистің тұрғын үй мәселесін шешу;

– елімізде ұлтаралық келісім құндылықтарын сақтау және дамыту, аға ұрпаққа деген құрметті жандандыру;

– өз сайлаушыларымызмен тығыз байланыста және тұрақты негізде жұмыс істеу.

Дауыс беріңіз, біз бірге өмірімізді жақсы жаққа өзгертеміз!

Республикалық бюджет қаражатынан төленді.
Тапсырыс беруші: А. Ә. Сейтжанов.



ЗИЯЛЫНЫҢ СӨЗІ

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі:

АЛҒЫС АЙТУ – адамзат мәдениетінің биік шыңы



Наурыз айы – алғыс пен тағзымның айы. Күн мен түннің теңелуі, жарықтың қараңғыны, жылуың аязды жеңуін иісі түркі баласы жаңа жылдың, жаңа өмірдің бастауы санайды. Ендеше, жыл басының алғыс айтумен, бір-біріне ризалық пейіл, жылы жүреппен басталуы да заңдылық сияқты. Сондықтан көктемнің алғашқы күнімен қатар келетін Алғыс айту күні жылылық пен жанашырлықтың, достық пен ынтымақтың жарқын символы іспетті. Бұл мерекенің жыл өткен сайын мәні мен

мазмұны тереңдеп, салмағы мен сипаты, құндылығы артып келеді...

Адам баласы осынау құснұғұмырда аялы алақаны мен өмір сыйлағаны үшін – Анаға, берік қорған болғаны үшін – Әкеге алғыс айтып өтері хақ. Анығына бақсақ, алғыс айту – адамзат мәдениетінің биік шыңы.

Бала кезден үлкендердің атаның қолына су құйып батасын алуға, ананың қолғанаты болып алғысын алуға үйрететіні ұлттық тәрбиенің кісілікке толы қайнар бастауы екенін есейе келе білдік. Біз осы болмысымызды жоғалтпай, тұтас қоғамның ең асыл құндылықтарына айналдырсақ, көсегеміз көгеріп, түтіміміз тік ұшары сөзсіз...

Бұл күні қастерлі Отанымыз үшін аянбай еңбек етіп жүрген, өз ісіне адал маман иелері мен азаматтарға құрмет көрсету баршамыздың борышымыз болса керек. Ел Президентінің Алғыс айту күнін жаңа мазмұнда атап өту туралы тапсырмасы да осыған саяды...

Елім деген ерлерді ел болып бағалап, жұрт болып алқау да азаматтық қоғамды ұйыстырар басты құндылық екенін ұмытпаған абзал.

(Дереккөз: Egemen.kz).

АССАМБЛЕЯ

АДАМ МЕРЕЙІН ӨСІРЕДІ

Алғыс айту күніне орай Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері алматылықтарды құттықтап, Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында мереке жайлы ойларымен бөлісті.



Досбол
АТАЖАН

Алғыс айту күні жыл сайын ерекше маңызға ие болып келе жатқанын Қазақстан ұйғырларының республикалық этномәдени орталығы жоғарғы кеңесінің төрағасы, «Ұйғур авазы» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Ершат Әсметов Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.

«Барлық мерекелердің ішінде мен үшін Алғыс айту күні ең маңызды және құрметті күн. Өйткені, алғыс жүректен шығады. Алғыс адамдарды жақындастырады, татуластырады. Бұл мерекенің жыл сайын үлкен мәнге ие болып келе жатқанына қуаныштымын», – дейді ол.

Сондай-ақ, ұйғыр этномәдени орталығының өкілі Қазақстан ұйғыр этносының ана тілінде газет шығаруға мүмкіндігі бар және осы ұлттың балалары ұйғыр мектептерінде оқи алатын бірден-бір ел-

дердің бірі екенін айтып, толықтыра кетті.

Ассамблея бастамасымен өткізіліп жатқан іс-шаралар тек дәстүрлі БАҚ-та ғана емес, ғаламтор кеңістігінде де кең резонансқа ие болып жатқанын Алматы қаласы ҚХА Журналистер клубының төрайымы, республикалық «Deutsche Allgemeine Zeitung» неміс басылымның бас редакторы Олеся Клименко атап өтті.

«Алғыс айту күні аясында өтетін барлық іс-шаралар, әрине, барлық этномәдени басылымдарда өз орнын табады. Одан бөлек, біз әрқашан есте қалатын даталарға, соның ішінде мемлекеттік мерекелерге қатысты арнайы шығарылымдарды шығаруды, біздің этномәдени БАҚ парақшаларында таныстырылған түрлі пікірлерді, адамдардың қызықты тағдырлары, түрлі мамандық өкілдері бұл этномәдени БАҚ беттерінде ұсынылатын түрлі пікірлерді шығаруды жоспарлап отырамыз», – деді О.Клименко.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРМЕН ЖҮЗДЕСУ

Алматы қаласының әкімі бекіткен кестеге сәйкес, 2023 жылдың ақпан айында аудан әкімдері көпбалалы аналармен 8 кездесу өткізді. Кездесуге көпбалалы отбасылардан 90 әйел-ана келді. Әкімдер олардың тарапынан түскен 101 сұраққа жауап берді. Оның 67-сі бойынша түсініктемелер берілді. Кездесулерден кейін 14 мәселе пысықталды, тағы 20-сы зерделенуде.

Көпбалалы аналар тарапынан көтерілген негізгі мәселелер легі мен үлес салмағы мынадай болды: тұрғын үй алу тәртібі (кезекке қою) – 27 (27%); білім беру (балаларды мектептер мен балабақшаларға орналастыру, мектеп формасы, Artspport бағдарламасы) – 14 (14%); денсаулық сақтау – 9 (9%); әлеуметтік жәрдемақылар (АӘК, азық-түлік жиынтықтары) – 9 (9%); ТКШ және абааттандыру (газ қосу, сумен жабдықтау және су бұру) – 9 (9%); жұмысқа орналастыру және бизнеске арналған гранттар – 4 (4%); көлік – 2 (2%);

алимент – 1 (1%) және басқа да тақырыптар – 27 (27%).

Енді қала әкімі аудан әкімдерінің шаһардың көпбалалы аналарымен наурызда кездесетін кестесін бекітті.

Еске сала кетсек, бұған дейін аудан тұрғындарымен кездесулер барысында көптеген өтініш-тілекке байланысты Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан әкімдерінің көпбалалы аналармен ай сайынғы кездесулерін ұйымдастыруды тапсырған болатын.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АБЫЗЫ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қазақ тіл білімінің көрнекті маманы, белгілі түркітанушы, ҚазКСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Әбдуәлі Қайдардың құрметіне мемориалдық ескерткіш-тақта қойылды.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Ғалым тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, ана тіліміздің мәртебесі үшін қызмет етті. Жастайынан майданға өз еркімен аттанып, бірнеше медальмен марапатталған соғыс ардагері Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті қызметін атқарған. Өмірінің соңы-

на дейін тіл біліміне өлшеусіз қызмет етіп, көптеген шәкірт тәрбиелеген.

«Қазақтың біртуар перзенті, Түркітану ғылымының дамуына еңбегі сіңген ағамызға ескерткіш-тақта ашылғанына қуаныштымыз. Қоғамдық істерге өте белсене араласып, талапты шәкірттерді тәбиелеген азаматтың атын өшірмейтін осындай іс-шаралар көбейе берсін. Болашақ жастарға мол қазына қалдырған ағамыздың аты ел жадында мәңгі сақталарына сенімдімін», – дейді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Іс-шараның өтуіне Алматы қаласы Мәдениет басқармасы атсалысты. Мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсіміне ғалымның туыстары, дос-жарандары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, шәкірттері қатысты.

«Жан-жақтан Алматыға келіп оқуға түстік. Студент кезімізден Әбдуәлі ағамыздың атымен етене

таныс болдық. Бізге білгенін үйретіп, тіл білімін зерттеу жолдарымен таныстырды. Сол кездегі ғалымдар, расымен-ақ, алыптар болатын. 1986 жылы Желтоқсан оқиғасынан кейінгі кезеңде қазақ тілін дамытуды қолға алды. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті қызметін атқарды. Ол кісі сегіз қырлы, бір сырлы болатын. Әбдуәлі ағамыз ұйғыр тілін зерттеуге үлкен үлес қосты. Ол кісіні Башқұртстан, Татарстан, Сақа халықтарынан ғалымдар іздеп келетін. Бәрі ұстазымыз деп құрмет тұтатын», – дейді шәкірті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Түймебаев.

Тынымсыз еңбек пен адамгершілік қасиеттерінің арқасында Әбдуәлі Қайдар ел ардақтысына, халқының қалаулы тұлғасына айналды. Ол танымал ғалым ғана емес, ел сөзін ұстаған ірі қайраткер де болды.

БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ

АЛМАТЫДА БӘЙШЕШЕК ГҮЛДЕДІ



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

(Басы 1-бетте)

Аялауға тұрарлық гүл! Бізге көгілдір көктемді ала келген гүл! Қызыл кітапқа енген гүл.

Иә, бәйшешек – жер бетіне жылуды келе жатқанын ең алғаш болып хабарлап, қылтып шығатын өсімдік. Қыстың қары толығымен еріп бітпей-ақ, тоңы жібімей жатып-ақ қара жерді жарып шығатын осынау нәп-нәзік гүлдің өмірге құштарлығына, қайсарлығына тәнті боласыз.

Бәйшешек туралы аңыздар да аз емес. Адам ата мен Хауа ана жұмактан қуылған уақытта қыс екен дейді бір аңызда. Жерде қалың қар жатқандықтан аяғы тоңған Хауа ана жылы жұмақты есіне алып мұнайып қалғанда, оның көз жасын көрген періштелер бірнеше қар қылауларын бәйшешек гүліне

айналдырыпты деседі. Бұған қатты қуанған Хауа ананың бойында Құдайдың кешірімін алуға деген үміті ояныпты. Содан бері бәйшешек үміт пен сенімнің символы болып саналады екен.

Бәйшешектің латынша атауы – «галантус». Ол гректің «гала» – сүт және «антус» – гүл деген сөзінен шыққан. Сонда қазақшалағанда «сүт тамшысы» деген мағына береді. Ботаникалық бақтағы біз көрген бәйшешектердің нәп-нәзік аппақ қауызы шын мәнінде де сүт тамшысына ұқсайды.

Бәйшешектің көктемде бас көтеретініне қарамастан, ол 10 градус аязға да төзімді келеді. Әлемде бәйшешектің 100-ге жуық түрі бар деседі.

Адамдар бәйшешекті достықтың, адалдықтың, тазалықтың белгісі ретінде де бағалайды. Алматыда достыққа берік, адал көңілді, таза пейілді адамдар өте көп екендігіне шүбәсіз сенемін.

Р.С.

Міне, Күн көзінен нәр алып, көктем де келді. Кішкентай қызым кеше ғана: «Анашым, көктем қашан келеді? Қыстық киімнен жалғыш кеттім. Етігім де аяғыма ауыр болып жүр. Кешке мектептен қайтқанда күн суық. Ал маған тоңған ұнамайды», – деп еді. Ертең қызымды Ботаникалық баққа алып келмесем. Асыға күткен Көктемін бізге осынау нәп-нәзік аппақ гүлдің ертіп келгенін айтайын.

ҚАУІПСІЗДІК

Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаменті мен Сәтбаев университеті 1 наурыз – Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күніне орай, «Тәуекелдерді бағалаудағы ақпараттық технологиялардың рөлі» атты ақпараттық-түсіндіру іс-шарасын өткізді. Сонымен қатар, бұл күні Алматы қаласы өрт сөндіру мекемелерінің қызметкерлері де толық құрамымен қатысып, арнайы техникаларымен таныстырды.

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ



Рая
ЕСКЕНДІР

«Апат айтып келмейді» демекші, жаттығу барысында тиісті мекеме қызметкерлері өздерінің оқыс жағдай орын алғанда сақайдай сай екендіктерін танытты. Оқу ордасының қызметкерлері мен студенттеріне төтенше жағдай орын алған кезде қауіпсіздік қағидаларын сақтау ережелерін түсіндірді. Сонымен қатар, 9 балға дейінгі жер сілкінісін болжайтын құрылғыны таныстырды. Бұған қоса, жер сілкінісі кезінде қолданатын қарапайым 10 қадам, қажетті заттар салатын шабадан, азық-түлік салынған қол сөмке, «Дәрмен» мобилді қосымшасының жұмыс істеу принциптері, қауіпсіз жерге ауыстыру шаралары туралы баяндады.

Халқымыз «Сақтансаң, сақтаймын» деп тегін айтпаса керек. Оның үстіне, бауырлас Түркия мемлекетінде болып жатқан жағдай барлығымызды етек-жеңімізді жиып, ширақ болуға үйретіп жатыр емес пе? Сондықтан өткізіліп отырған іс-шара барысында оқу ордасының қызметкерлері мен студенттер көптеген пайдалы кеңестер тыңдап, ережелерді үйренді.

Іс-шара соңында қала тұрғындары мен студенттер ТЖД құтқарушыларының техникалары мен құрал-жабдықтарының көрмесін тамашалады.

● ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА – ҰРАН!

«АТАМНЫҢ АМАНАТЫ»

қоғамдық бірлестігі соғыс құрбандарының деректерін іздейді

Елімізде «Атамның аманаты» деген қоғамдық бірлестік жұмыс істейді. 2019 жылы құрылған. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» дейді халық даналығы. Көзге көрінбейтін ұшан-теңіз, өлшеусіз жұмыс істеп жатқан осы бірлестік туралы жас ұрпақтың есіне тағы бір салып қояйық дедік.

ЖОҚ ІЗДЕГЕН БАЛА

Аталған қоғамдық бірлестік – Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жоғалып кеткен қазақстандық сарбаздардың жерленген орындарын анықтап, мұрағаттық-ізвестіру жұмыстарымен жүйелі айналысатын Қазақстан аумағындағы бірден-бір ұйым. Сондай-ақ, мақсаты – үзіліп қалған ұрпақ аралық сабақтастықты жалғау, тарихымызды түгендеу. Сондықтан қазіргі күні бірлестікке зейнеткерлер мен ардагерлерден бөлек, жастар да белсенді атсалысуда.

Қан майданда соғысқан 1,5 миллион қазақстандықтың 271 мыңнан астамы хабар-ошарсыз кеткен. Соғыстың аяқталғанына, міне, 78 жыл өтті. Сондықтан сол кездегі куәгерлердің көбі бүгінде өмірде жоқ. Яғни із-түссіз жоғалған аталарымызды табу тым қиындай түскен. Соған қарамастан «Атамның аманатын» арқалаған ұйым өкілдері шарасыздықтан қолды бір сілтемей, әлі де зор табандылық танытып келеді.

Иә, бүгінде аразыда соғыстан оралмаған, артынан қара қағаз да келмеген аталарын іздейтін отбасылар әлі де бар. Арғы атасын, тегін, соғыста оққа ұшқан атасының жерленген жерін біліп, дұғатілегін арнағысы, тіпті мүмкін болса елге әкеліп жерлегісі келетін отандастарымыз әлі де көп. Олардың көзін де көрмеген әкесі немесе атасы туралы әңгімелегенде, жанары жасқа толып, еңкілдей жылап қалатынын да талай көріп жүрміз. «Жөргегінде қалған әкем майданнан оралмаған әкесін өмір бойы күтіп, арманда кетті»,

«Әжем тұрмысқа шықпастан, атамнан бір сәт те күдерін үзбестен, өмірден өтті» деген әңгімелер желісі сізге де таныс болар. Жоқ іздеген олар із-түссіз кеткен атасының табылуынан әлі де үмітті. Психологияда оны «жабылмаған гештальт» деп атайды екен. Сондай-ақ, психологияда «жоғалтуды бейсаналық тұрғыда күту» деген де түсінік бар.

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТОПЫРАҒЫ

Талай жанның, талай отбасының үкілеген үмітін, аманатын арқалаған «Атамның аманаты» іздеу жұмыстарын өте кең ауқымда, халықаралық деңгейде жүргізіп отыр. Әсіресе, Еуропа бойынша іздеу қарқынды жүріп жатқан көрінеді. Кейде бір жауынгерді іздеп отырып, оның қасына жерленген бірнеше отандасымызды тауып алатын жағдайлар да кездесетіні істі ілгерілетуге септігін тигізуде.

Бүгінге дейін «Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігінің көмегіне 5 мыңнан астам қазақстандық жүгінген. Тіпті көршілес Қырғызстан, Өзбекстан, Ресейден туыстарын іздеушілер көп хабарласатын көрінеді. Бір қызығы, ізвестіру жұмыстарына атсалысып жүрген волонтерлар жанкешті еңбегіне ақы алмайды. Міне, ата-баба рухына деген құрмет, адалдық! Олар ізвестіру кезінде із-түссіз кеткен жауынгерлерді табуда аты-жөндері қате жазылғандықтан көп уақыт жоғалтып алып жатады. Бірақ кері шегінген емес.

Қазірге дейін «Атамның аманаты» қоғамдық бірлестік өкілдерінің күш-



қайратымен, ҚР Қорғаныс және Сыртқы істер министрліктерінің қолдауымен жат елде қалған 11 отандасымыздың сүйегі елге жеткізіліп, арулап жерленген. Із-түссіз кеткен 1012 адам табылған. Волонтерлар жоғалғандардың 71 туысын іздеп тапқан.

Араға 80 жыл салып, бытыр жазда екі соғыс ардагерінің сүйегі Ресейден Алматыға жеткізіліп, туған жердің топырағы бұйырды. Олардың бірі Николай Гуров Сталинград түбіндегі шайқаста атты әскерді басқарып, ерліктің үлгісін көрсеткен екен. Алайда, 1942 жылы ел мен арадағы хаты үзіліп, хабарсыз кеткен. Ал Воронеж маңынан табылған Төрегелді Үркімбаевтың туыстары болмағандықтан, оның сүйегін арулап жерлеу рәсімін Жамбыл ауданы әкімдігі атқарған.

ЖҮРЕКТЕН – ЖҮРЕККЕ

Осыдан екі жыл бұрын «Атамның аманаты» «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымымен ниет қосып, «Өткенге саятшылық» деген респуб-

ликалық байқау жариялаған болатын. Байқау шарты бойынша 1–11-сынып оқушылары Ұлы Отан соғысымен байланысты іс-шараларға қатысқан отбасы мүшелеріне «Өткенге хат» жазды.

Сондай-ақ, «Атамның аманаты», «Рухани жаңғыру» институты және «Жас ұлан» бірлесе отырып, әлеуметтік желілерде «Атамның аманаты» атты халықтық челлендж өткізді. 2000-ға жуық қазақстандық қатысқан бұл өзгеше іс-шарада жастар ата-бабаларының майданнан жазған хаттарын оқып, соғыс жылдарындағы отбасылардың тарихы туралы әңгімелеген, тылда жұмыс істеген көзі тірі ардагерлерге бейбіт күн үшін алғыс ретінде ән-жыр арнаған, суреттер салған видеороликтерін әлеуметтік желіге жарыса, қызыға жүктеп жатты. Сөйтіп, жас ұрпақ өткенін, ата-бабасын тағы бір еске алып, тарихқа, ерлікке құрмет көрсетті.

«Атамның аманаты» – «Ыстық жүрек» белгісімен марапатталған Қазақстандағы алғашқы ұйым. Аманатқа адал ұйымның алар асуы әлі алда деп білеміз.

● ЖӘРДЕМАҚЫ

Үкімет ана мен бала ахуалын үнемі назарда ұстап отырады. Жүктілік кезеңіне және бала күтіміне байланысты берілетін әлеуметтік төлемдер де қарастырылған. Әрине, жағдайы, көңіл күйі дұрыс әйелдің құрсағындағы шарана да жақсы жетілетіні анық. Ал біздің мемлекетке қоғамды ілгері сүйрейтін дені сау ұрпақ керек. Біз бүгін сәби күтіп жүрген, жұмыс істейтін және бесігінде құндақтаулы жас баласы бар аналарға жол көрсету мақсатында мемлекет тарапынан қолдауға ие болған әйелдерге сөз береміз.

Әсия МЕРСАДЫҚОВА, 30 жаста:

– Сәбидің дүниеге келуі әр отбасы үшін үлкен қуаныш қой. Бұл ретте мемлекеттің ана мен баланы қолдаудағы қамқорлығы өте маңызды. Мен жұмыс істейтін ана ретінде жүктіліктің отызыншы аптасынан бастап еңбекке уақытша жарамсыздық парағын алдым және жұмыс орнымда декреттік демалысты рәсімдедім. Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы бір апта ішінде маған төлем тағайындалды.

Балам өмірге келгеннен кейін ұялы телефоныма бюджет қаражаты есебінен бала тууына байланысты біржолғы жәрдемақы алуға, сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала күтіміне әлеуметтік төлем алуға келісім жіберу мүмкіндігі туралы СМС-хабарлама алдым. Келісімді жібере отырып, мен аталған төлемдерді үйден шықпай-ақ алдым. Сонымен қатар, әлеуметтік төлемдерді алу кезеңінде бюджет қаражаты есебінен зейнетақы жарналары субсидияланатынын және бұл да жұмыс істейтін әйелдерге жан-жақты қолдау болып табылатынын атап өткім келеді.

Мөлдір АМАНЖОЛОВА, 29 жаста:

– Мен бұрын жүкті әйелдердің барлығы да декреттік төлем алады деп ойлайтынмын. Бұл төлем Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылады

КӨМЕК ПЕН ҚАМҚОРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ

Бала күтімімен отырған аналар не дейді?

екен, ал менің үй шаруасындағы құрбым мұндай төлем алмады. Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы маған 126 күнтізбелік күнге берілді. Сөйкесінше, мен аталған қордан төлемді алдым. Ол менің төрт айға жуық жалақымын мөлшеріне тең болды. Ол қаражат маған үлкен көмек болды.

Бала дүниеге келгеннен кейін бюджет қаражаты есебінен бала тууға байланысты мемлекеттік жәрдемақы алдым және кейінгі екі жылдағы орташа табысымынның 40% мөлшерінде бала күтімі бойынша ай сайынғы әлеуметтік төлемді рәсімдедім.

Биылғы жағымды жаңалық, 1 қаңтардан бастап бала күтімі бойынша төлем мерзімі бір жарым жылға дейін ұзартылды. Жас отбасы үшін ана мен баланы қолдауда кез келген көмек пен қамқорлық маңызды. Жұмыс істейтін әйелдерді қолдаудағы қомақты көмек үшін көп рахмет айтамын.

● МАМАН ПІКІРІ

Ләззат САҒЫНБЕКОВА, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Алматы қаласы бойынша филиалының директоры:

ЖҰМЫСЫНЫҢ ЛАЙЫҚТЫ ЖЕМІСІ

Елімізде жұмыс істейтін әйелдерді қолдау мақсатында 2008 жылдан бастап халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ана мен баланы міндетті әлеуметтік сақтандыру енгізілді. Біржолғы әлеуметтік төлемді тағайындау әйел-ананың жүктілігі және босануы бойынша еңбекке жарамсыздық парағында көрсетілген демалыс берілген күннен басталады. Төлем мөлшері кейінгі 12 айда әлеуметтік



Сурет ашық дереккөзден алынды.

аударымдар жүргізілген орташа айлық кіріске және еңбекке уақытша жарамсыздық күндерінің санына байланысты болады.

Бір жарым жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты кірісінен айырылған жағдайда ай сайынғы әлеуметтік төлемге құқық баланың туған күнінен бастап беріледі. Төлем мөлшері кейінгі екі жылдағы әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық кірістің 40%-ын құрайды.

Ана мен баланы қолдау үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан 2022 жылы Алматы қаласы бойынша 39,9 млрд теңге төленді. Оның ішінде жүктілікке және босануға – 21,5 млрд теңге, ал 1,5 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша 18,4 млрд теңге төленген.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, Алматыдағы мемлекеттік мектептерде оқитын барлық бастауыш сынып оқушылары (1–4-сыныптар) әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіле бастаған еді. Бұл өткен Балалар жылының басты тартуы болды. Сонымен, мектеп оқушыларын бір реттік ыстық тамақпен қамтудың да өзіндік ережесі мен тәртібі бар екені белгілі. Балалардың сапалы тамақтануын ұйымдастыру үшін Білім басқармасы теңгерімді және әртүрлі рационды құру мәселесін әлденеше рет пысықтады. Сонымен қатар, мектептердегі тегін ыстық тамақты қаржыландыру мәселесі жергілікті бюджетті нақтылау шеңберінде мәслихат жиынында қаралып, бекітілді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Тегін тамақ – отбасы үшін үлкен көмек

Сейсенбі күні қалалық әкімшіліктің қолдауымен бұқаралық ақпарат құралдарынан тұратын топ қаламыздағы білім мекемелерін аралап, оқушыларға жасалып жатқан жайлы ортамен танысты.

Биылғы оқу жылында тегін тамақпен қамтылған алматылық оқушылардың үлесі бұрынғыдан да арта түсті. Қала мектептерінде оқитын 133 мың оқушы мектеп асханасында тегін тамақтана бастаса, олардың арасында 1–4-сынып оқушылары мен әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан 5–11-сынып оқушылары да бар. Өткен оқу жылында Алматы мектептерінің тек 19 мың оқушысы ғана тегін тамақпен қамтамасыз етілсе, ағымдағы оқу жылында бұл көрсеткіш 133 мың оқушыға жетті. Дәл қазіргі таңда Алматы қаласының барлық бастауыш сынып оқушылары тегін тамақпен 100% қамтылып, оқушыларды тегін тамақпен қамту көрсеткіші 38,3%-ға өсіп отыр. Бұл – ең алдымен Мемлекет басшысының тапсырмасы, әрі ел экономикасының жақсара түскенінің жарқын көрінісі.

Сонымен, қашаннан жаңалықтың жаршысы атанған Алматы қаласы оқушыларды тегін тамақпен қамтуды елімізде алғаш болып қолға алған еді. Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың бастамасымен ағымдағы оқу жылынан бастап, 1–4-сынып оқушылары тегін тамақтана бастады. Әрине, бұған дейін тек әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балалары ғана тегін тамақпен қамтамасыз етіліп келген еді. Жалпы, оқушылардың тегін тамақпен қамтылуы жас ағзаның қажетті дәруменмен қоректенуіне, денсаулықтарының нығайып, қалыптасуына көп әсерін тигізіп отыр. Әсіресе, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға үлкен көмек болды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері өз жұмысын алдымен Алатау ауданындағы №204 жалпы білім беретін мектептен бастады. Аталмыш мектеп 2022 жылдың 1 қыркүйегінде ашылды. 1800 орынға арналған мектепте қазір 2710 оқушы білім алады. Мұнда оқушылардың 551-і бірінші сыныптықтар. Өте үлкен мектеп, көлемі жағынан 3 қабатты, 4 блокқа бөлінген.

А блокта – бастауыш сынып (1–4-сынып), В блокта – орта буын (5–9-сынып), С блокта – жоғары буын (10–11-сынып). Әр блокта лифт жұмыс жасайды. Оқу кабинеттері интерактивті панельдермен, заманауи модификациядағы жиһаздармен жабдықталған.

Заманауи мектеп жаңа оқу жылында ғана пайдалануға берілгендіктен мектептің ауласынан бастап, асханасына дейін жарқырап тұр. Мұнда барлығы талапқа сай ескерілген. Біздің негізгі мақсатымыз – мектеп оқушыларының талапқа сай тамақтануы төңірегінде болғандықтан, барынша қамтуға тырыстық. Кестеге сай асханаға алдымен бастауыш сынып оқушылары енді. Олар ең алдымен қолдарын жуып, сосын барып, тамақ толы үстелге жайғасты. Сейсенбілік ас мәзіріндегі қарақұмық, котлет, нан, қияр, йогурт, компоттың дәмді екенін балалардың сүйсіне жегенінен де байқауға болады. Айтпақшы, асхананың тағы бір ерекшелігі – мұнда тамақтар ландшафт-бокс ыдыстарға салынған. Әлемдік тәжірибеде мұндай ыдыстар экологиялық жағынан зиянсыздығымен ерекшеленеді. Сондай-ақ, мұндағы ас бастапқы қалпын сақтап тұрады, дәмді де өзгермейді. Әрі оңайлықпен сындырмайды. Жапондық мектеп оқушылары осы күнге дейін таңғы ас пен түскі астарын осындай ыдыстармен ішетін көрінеді.

Мектептің асханасы өте үлкен, 329 оқушыға арналған. Кең де жарық асхананың жиһаздары да жап-жаңа. Мұндағы орындықтар мен ас ішетін үстелге дейін оқушының еркін

Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

МЕКТЕП АСХАНАСЫ: ана да, бала да риза



қимылдап, қозғалуына ыңғайлы. Барлығының жаңа талапқа сай жасалғаны байқалады. Асхана іші санитарлық эпидемиологиялық талаптарға сай жасқалып, қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Мәселен, бракераж, тауарды қабылдау, тазалық жұмыстарын жүргізу, ауа ылғалдандыру, С дәруменін тіркеу сияқты журналдар күнделікті жүргізіліп отырады. Асхана ас мәзірін дайындауға арналған техникалық құралдармен (пісіру және жылыту және тамақты қуыруға арналған пештері, тамақтың иісін алатын желдеткіш құралдар, етартқыштар, электронды нан кескіш құрал, пайдаланылған ыдыстарды булайтын құрылғылар, 600 дана ландшафт-бокс ыдыстарымен) қамтамасыз етілген. Тағам түрлерін сақтауға арналған 10 тоназытқышқа күнделікті пайдаланатын сүт, ет, жеміс-жидек, көкөніс және тамақ қалдықтары сақталады. Сондай-ақ, кестеге сәйкес кварц іске қосылып тұрады. Тауарлар сыртқы есіктен кіргізіліп, тамақ қалдықтары арнайы дәліз арқылы сыртқа шығарылады. Бұл да мектеп асханаларында қатаң сақталатын басты талаптың бірі.

– Қазіргі таңда асханамызда 1–4-сыныптың 1344 оқушысы мен жалпыға міндетті білім беру қорынан 5–11-сыныпта оқитын 60 оқушыны тегін ыстық тамақпен қамтып отыр. Асханадағы ыстық тамақ қалалық Білім басқармасы бекіткен арнайы ас мәзіріне сай дайындалады. Тағам құрамында құнарлы дәрумендердің, бай әрі пайдалы өнімдердің көбірек болуы басты талап ретінде қарастырылады. Тағамдар бұға піседі. Оқушыларға адам ағзасына пайдалы дәрумендерге толы жеміс-жидек, түрлі тосаптар беріліп отырады, – дейді мектеп директорының орынбасары Сәуле Маханбетқызы.

Ас мәзірі екі рет тексеріледі

БАҚ өкілдерінің келесі аялдаған мекемесі – Алатау ауданына қарасты «Ботагөз» ықшамауданындағы №209 мектеп. Бүгінгі күні мұнда 2851 оқушы оқиды. Заманауи мектептің оқу ғимараты 8 блоктан тұрады. Мұнда да А блогы бастауыш сыныптарға, В блогы 5–9-сыныптарға, С блогы 10–11-сыныптар үшін деп бөлінген. Мектепте 77 оқу кабинеті, заманауи асхана мен спорт залы, медиатека мен кітапхана,

сыртқы спорт алаңы мен ойын алаңдары бар. Сондай-ақ, биология, химия, физика кабинеттері мен арнайы зертханалар практикалық жұмыстарға қажетті көрнекі құралдармен толығымен жабдықталған.

Оқушылар үшін арнайы станоктармен жабдықталған ағаш және металл шеберханалары, сондай-ақ саз бен керамиканы өңдеуге арналған дөңгелектер бар. Спорт жабдықтарымен толық қамтылған 2 спорт залы. Қыз балаларға арналған толық жабдықталған аспаздық кабинеттер, мата өңдеу және технология шеберханалары бар. Қазіргі заманғы талаптарға сай медиатека мен кітапхана жұмыс істейді. Заманауи жабдықтармен жабдықталған асхана бір уақытта 280-ге жуық оқушыны тамақтандыруға арналған.

Спорт залы Sound board дыбыс оқшаулағыш панельдерімен жабылған және Sonaspray төбеге арналған бүріккіші бар, бұл спорттық іс-шаралар кезінде қолайсыздықты тудырмай, керемет дыбыс оқшаулауды қамтамасыз етеді. Мектептердің оқу кабинеттері интерактивті панельмен, Smart тақтамен және заманауи модификациядағы жиһазбен жабдықталған. Оқу кабинеттерінде панорамалық эйнектер орнатылған. Мектеп дәліздері мен кеңселері кең, жарық және эргономикалық интерьермен ерекшеленеді. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектептер Face ID заманауи қауіпсіздік жүйесімен жабдықталған.

Ата-аналар осы құрылғылар арқылы балаларының мектепке кіріп-шыққаны туралы хабарлама алып отырады. Кең де жарық асханада бір мезетте 300-ге жуық баланың ыстық ас ішуіне мүмкіндік жасалған. 14 жылдық жұмыс өтілі бар мектеп медбикесі Рима Исатаеваның айтуынша асхана мәзіріне қатысты ата-аналар тарапынан қандай да бір ескертулер түспеген. Асханадағы ас мәзірін, тазалық мәселесін күн сайын екі мәрте тексеріп отыратынын жеткізді.

Наурызбай ауданына қарасты «Қалқан-2» ықшамауданына орналасқан №206 мектеп-гимназиясының ерекшелігі, типтік жобалар бойынша салынбаған. Жобалау кезінде білім ошақтарына қойылатын жаңа стандарттар арнайы әзірленіп, қабылданғандықтан заманауи сәулетімен, жан-жақты ойластырылған кеңістік дизайнымен, кең сыныптары және қоғамдық кеңістігі бар эргономикалық интерьерімен ерекшеленеді. Жаңа мектептің 280 орын-

ды кең, әрі жарық асханасы бар. Мектептердің оқу кабинеттері интерактивті панельмен, SMART тақтамен және заманауи үлгідегі жиһазбен жабдықталған. Спорт залдардың төбесі мен қабырғасы дыбыс өткізбейтін панельмен қапталған. Бұл өз кезегінде спорттық іс-шара өткізу кезінде өте ыңғайлы, дыбысты оқшаулап тұрады. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектептер Face ID қауіпсіздік жүйесімен жабдықталып, ата-аналардың балаларының мектепке кіріп-шыққанын біліп отыруына мүмкіндік жасалған.

Мектеп директоры Фатима Алиакпарованың айтуынша, мектеп асханасында оқушылардың дұрыс тамақтануымен қоса, ондағы тұтынылатын барлық заттар, ыдыс-аяқтар да санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы басты назарда көрінеді. Ас әзірлеуге пайдаланылатын асхананың асай-мүсейі, керек-жарағы жеткілікті. Бұған қоса, қызмет көрсетуші аспаздар, тазалықшылар өз жұмыстарын жоғары деңгейде атқарады. Жалпы, мектеп асханасында ас ішудің де, ас берудің де өзіндік ережелері бар. Асханадағы ыстық астың оқушыға жеткенше жүріп өтетін өзіндік кезеңдері бар. Мәселен, астың әзірленуі мен оқушының тамақтануын қадағалайтын мектеп медбикесі, әлеуметтік педагог, гимназия әкімшілігі мен ата-аналардан құрылған арнайы комиссия бар. Бұл топ кез келген уақытта ас мәзірін, тамақтың құрамын бақылап, кезі келсе тексеруге де құқылы дейді.

Білім басқармасының бақылауында

Қазіргі таңда қалалық Білім басқармасы мектеп асханаларындағы оқушыларға арналған ас мәзірін қатаң бақылап, назарда ұстап отыр. Ата-аналар тарапынан қандай да бір өтініш түссе, арнайы комиссия мектеп асханасы әзірлеген астың мәзірін, құрамын тексеруге дайын.

– Бірыңғай стандарттарға сәйкес, 4 апталық тегін тамақтану мәзірі бекітілді. Егер ата-аналар балаларының қандай тамақ ішетініне қызығушылық танытып жатса, күнделікті ас мәзірін Білім басқармасының немесе сол білім беру ұйымдарының сайтынан да көріне болады. Қазір таңда мектептердегі тамақтану сапасына күнделікті мониторинг жүргізіп отыратын арнайы комиссия бар. Оның құрамында медицина қызметкерлері, мектеп әкімшілігі және ата-аналар бар. Қазіргі таңда қалалық әкімшілік оқушылардың тамағына бөлінетін қаржы мөлшерін 560 теңгеден 800 теңгеге дейін көтеріп отыр. Мәселен, 2023 жылдың бюджетінде бұл мақсат үшін 18 миллиард теңгеден астам қаржы қарастырылды. Оқушыларды ұтымды теңгерімді тегін тамақпен қамтамасыз ету үшін маусымдық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, қаланың барлық мектептері үшін орталықтандырылған 4 апталық ас мәзірі бекітілген, – дейді қалалық Білім басқармасының бас маманы Гүлнұр Жотабаева.

Сонымен, оқушылар қай уақытта сапалы білім алады? Бұған әсер ететін фактордың көп екені белгілі. Дегенмен, ең алдымен, дұрыс жағдайдың жасалуы ауадай қажет емес пе? «Ас – адамның арқауы» демекші, сөз жоқ, оған оқушылардың мектеп қабырғасында дұрыс тамақтануы да жатады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

Алматы полицейлері бөтен көліктердің құлпын ашатын құрылғыны тәркіледі, деп хабарлады Polisia.kz. Оның көмегімен үш ер адам Медеу ауданындағы тұрғын үй кешендерінің бірінің автотұрағында тұрған бөтен біреудің Toyota Camry көлігін ұрлап үлгерген.

КӨЛІКТЕРДІҢ ҚҰЛПЫН АШАТЫН ҚҰРЫЛҒЫ ТӘРКІЛЕНДІ

Медеу аудандық Полиция басқармасының басшысы Илияс Өмірсеріков мәлімдегендей, көлігінің жоғалғанын байқаған тұрғын «102» нөміріне хабарлаған. Бұл қылмысты ашу мақсатында дереу арнайы жедел-тергеу тобы құрылды. Кешенді жедел іс-шаралар нәтижесінде

үш ер адам ұсталған. Оларды полиция қаладағы қонақүйлердің бірінде құрықтады. Ұрланған көлік Астана қаласынан табылды және тәркіленді. Күдіктілер оны сатып үлгерген. Ұсталғандардан Toyota есігінің құлпын ашу үшін пайдаланылған құрылғы тәркіленді.

ТЕРГЕУ БАРЫСЫ – ЖІТІ НАЗАРДА

ІІМ және ҰҚК ведомстволарлық жедел-тергеу тобы БАҚ өкілдеріне шабуыл ұйымдастырды деп күдік келтірілген топтың іс-әрекетін әшкерелеп, жолын кесті.

Бұл туралы Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі өзінің Facebook парақшасында хабарлады. «Өткен жылдың соңынан бері журналистерге жасалған шабуылдар көбейгені белгілі. Мемлекет басшысы осыған орай құқық қорғау органдарына мұқият тергеу жүргізуді тапсырды. Соған байланысты таяуда журналистер мен блогерлерге қарсы заңсыз әрекеттер жасаған 18 адам ұсталған еді. Ел Президенті бұл заңсыз әрекеттердің орындаушылары ғана емес, тапсырыс берушілері де анықталуға тиіс екенін баса айтқаны белгілі. Енді тапсырыс берушілер де анықтала бастады», – деп жазды министр.

ІІМ ақпаратына сәйкес, Алматыда арандатушылық шабуылдар-

дың тікелей үйлестірушісі – шетелдік азамат, білікті хакер О.Токарев ұсталған. Оның уақытша тұрып жатқан жерінен шабуылдарды басқару, анонимді телеграм-аккаунттарда «тапсырыстар» беру, орындаушыларды табу және олардың акцияларына ақы төлеу жүргізілген техника табылып, тәркіленген. Бұл топтың бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне қарсы 30-дан астам арандатушылық жасағаны белгілі болды. Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды. «Аталған арандатушымен бірге түпкі тапсырыс берушілер де жақын арада анықталады деп сенеміз. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі тергеу барысын жіті назарда ұстайды», – деп түйіндеді министр.

АЛМАТЫДА АДАМ ҰРЛАУ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

Оңтүстік мегаполистің Алмалы ауданында адам ұрлаудың жолы кесілді.

Алматы қаласы ПД ЖПҚБ өкілі Мейіржан Қалкеев мәлімдегендей, полиция кезекшісінен Chevrolet көлігіне адамды күштеп отырғызу туралы хабарлама келіп түскен. «Қала бойынша арнайы «жолкесу» жоспары енгізілді. Аталған көлік Гоголь мен Пушкин көшелерінің қиылысында көзге түскен. Ізіне түсу нәтижесінде көлікті екі экипаж Мақатаев пен Жетісу көшелерінің қиылысында тығырыққа тіреп тоқтатқан. Салонда отырған үш адам құрықталды. Көлік жүксалғышынан тағы бір ер адам табылды, ол аталған көліктің иесі екендігі белгілі бол-

ды. Күдіктілер жедел-тергеу тобына тапсырылды. Олардың әрекетіне құқықтық баға берілетін болады», – деді взвод командирі Мейіржан Қалкеев.

Ұсталғандардың айтуынша, Chevrolet көлігінің иесі оларды ірі көлемдегі ақшаға алдап кеткен. Осылайша олар қарызды қайтарып алмақ болды. Ал жәбірленуші керісінше айтып отыр, ол өзін құтқарған полиция қызметкерлеріне алғысын білдірді. Қылмыстық істің басқа да мән-жайлары ҚР ЖПҚБ-нің 201-бабы және ҚР Конституциясының нормаларына сәйкес жария етуге жатпайды.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТ

ЖАСТАР САЯСАТЫ ЖӨНІНДЕГІ ЗАҢ КҮШІНЕ ЕНДІ

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің баспасөз қызметі Жастар саясаты жөніндегі заңның күшіне енгенін хабарлады.

Заңға сәйкес, Қазақстанда жастардың жасы 35 жасқа дейін ұлғайтылды. Яғни жастардың үлесі 3,7 млн-нан 6 млн-ға дейін көбейді. Енді 35 жасқа дейінгі азаматтар жас отбасыларға арналған жеңілдіктерге ие болу, жеңілдетілген несие алу, т.б. игіліктерге ие

болады. Сонымен қатар, жастардың даму индексі, уақытша жұмысқа орналаспаған жастар (NEET санындағы жастар), жастармен жұмыс жөніндегі маман, жастардың еңбек жасақтары ұғымдары ресми түрде қолданылатын болады.

ЖОЛ ТӘРТІБІ

ЖАҢАШЫЛДЫҚ НӘТИЖЕСІ

Қалада 17 мыңнан астам қасақана жол қозғалысы ережесін бұзушы анықталды



Оны Алматы қаласының әкімшілік полициясы «Қорғау-Қауіпті жүргізуші» жүйесін енгізудің аралық талдауын қорытындылау барысында келтірді.

«Бұл жаңашылдық өткен жылдың сәуір айында енгізілді. Патрульдік полиция қызметкерлерінің

планшеттеріне орнатылған «Қорғау-Қауіпті жүргізуші» бағдарламасы ӘПБТ және бірқатар мемле-

кеттік органдардың деректер базасымен біріктірілген. Жалған мемлекеттік нөмірлерді пайдалану деректерін, көлік құралын басқару құқығынан айырылған жүргізушілерді, сақтандыру полисі жоқтарды, төленбеген айыппұлдар бойынша берешегі бар адамдарды анықтауға ерекше назар аударылды», – деді Алматы қалалық ПД әкімшілік полиция басқармасының басшысы Асхат Құлбаев.

«Қорғау-Қауіпті жүргізуші» жүйесінің көмегімен 2022 жылы 14 мың 360 жүргізуші, биыл жылдың басынан бері – 3 мыңнан астам жүргізуші әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар, биыл Алматының патрульдік көліктеріне жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жол-көлік оқиғаларын азайтуға бағытталған жаңа «Сергек-Патруль» кешендері орнатылғанын айта кеткен жөн. Жоғары интеллектілі камералардың көмегімен кешен ағындағы көлікті анықтап, мемлекеттік нөмірді таниды және деректерді серверге жібереді.

МАМАН КЕҢЕСІ

Дамира ЖЕТПІСБАЙ, Алматы-1, 2 станциялары Желілік полиция басқармасының Әкімшілік полиция тобының инспекторы:

ҚАРАПАЙЫМ ҚАҒИДАЛАР

жазатайым оқиғалардың алдын алады

Теміржол қашаннан аса қауіпті аймақ болып саналады. Теміржол көлігінің астында қалып, мерт болып немесе ауыр жарақат алып жатқан жағдайлар аз емес. Жеке бас қауіпсіздігін сақтамай, өтуге тыйым салынған жерлермен теміржолды кесіп өтудің салдары осындай өкінішті жағдайға әкеліп соғады. Ең басты қиындық – азаматтардың немқұрайлылығында, балаларға деген жауапкершіліктің аздығында. Ата-ананың бақылауын сезінбеген балалар вагондар үстіне мініп, теміржолды ойынға айналдырады. Теміржол көлігімен басып кету немесе соғып кетуді болдырмау үшін теміржолдың жанында шеткі рельстен 5 метрден кем емес жермен жүру қажет. Жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін ең бастысы теміржолдан арнайы белгіленген орындардан және аспа көпірлер арқылы ғана қауіпсіз өтуге болады.

Жүріп келе жатқан пойыздың қажет кезінде дереу тоқтауы мүмкін емес. Ол пойыздың салмағына, жолдың саласына байланысты орташа есеппен алғанда 1000 метрдей жүріп барып тоқтайды. Жылдамдығы 100–120 км/сағ жүріп келе жатқан пойыз секундына 30 метр жерді жүріп өтетінін ескерсек, жолаушының жолды кесіп өтуіне 5-6 секундтай уақыт кетеді. Сонымен қатар, теміржол арқылы пойыздың алдынан жүгіріп

өту салдарынан пойыздардың жедел тежегіштерін іске қосуына тура келіп, жүріп бара жатқан пойыздың тоқтап қалуына әкеп соғады. Теміржол арқылы өткенде құлақтарына құлаққап тағып жүруінен, пойыздардың алдынан жүгіріп өтуінен, рельстерге бөгде заттарды қою, өтіп бара жатқан пойыздардың терезелеріне тас лақтыру сияқты әрекеттердің соңы төтенше жағдайға әкеліп соқтырады.

Теміржол көлік объектісінде

ЗАҢ ЖОБАСЫ

АЙЫППҰЛДАР ӨЗГЕРУІ МҮМКІН

Қазақстанда жылдамдықты асыруға қатысты айыппұлдар өзгеруі мүмкін. Әділет министрлігі жылдамдықты асырып, жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзатындар үшін жаңа айыппұлдар енгізуді ұсынды.

«Ашық НҚА» сайтында «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы жарияланған. Жоба жылдамдықты арттыру және басқа да жол қозғалысы ережелерін бұзу деректері үшін айыппұлдарды өзгертуді қарастырады.

«Бекітілген қозғалыс жылдамдығын сағатына 40-тан 80 шақырымға дейін асыру – 20 АЕК (69 000 теңге), сағатына 80 және одан

да көп шақырым – 40 АЕК (138 000 теңге) көлемінде айыппұл салуға әкеп соғады. Бір жыл ішінде жылдамдықты сағатына 80 шақырым және одан да көп қайталап асырғаны үшін – 60 АЕК (207 000 теңге) көлемінде айыппұл салынады», делінген құжатта.

Сонымен қатар, жобаға 596-бапта жаңа тармақ енгізілді, оған сәйкес көлік құралдарына, жүктерге, жолдарға, жол және өзге де құрылыстарға немесе өзге де



қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу және кәмелетке толмағандар арасындағы қайғылы жағдайлардың алдын алу мақсатында Алматы-1 станциясы Желілік полиция басқармасы Алматы-2 станциясы желілік полиция бөлімшесі қызметкерлері көлік объектісіне жақын орналасқан оқу орындарында, көлік объектілерінде үнемі түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отырады.

Алматы-1 станциясы Желілік полиция басқармасы Алматы-2 станциясы желілік полиция бөлімшесінің ұжымы Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарын теміржол аумағында қауіпсіздік ережелерін сақтауды сұрайды. Адам өмірінен қымбат ешнәрсе жоқ. Сондықтан теміржолдың қауіпті аймақ екенін ұмытпайық, өз өмірімізді қадірлейік!



мүлікке зақым келтірген, материалдық залал келтірген, қарсы жолаққа шығып кеткені үшін жүргізуші 9 айға дейін көлік құралдарын басқару құқығынан айырылады. Сондай-ақ, заң жобасының авторлары қарсы жолаққа шыққаны үшін жүргізуші куәлігінен айырудың орнына 30 АЕК (103 500 теңге) көлемінде айыппұл салуды ұсынған.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ОСТАГОН АЛАҢЫ

ЕРЕЖЕСІЗ ЖЕКПЕ-ЖЕК

Алматыда ұйымдастырылған бұл додаға Қырғызстан, Өзбекстан, Иран, Ресей құрамалары қатысты

ОСТАГОН алаңында Yosefi Team, Muradov Team, Russia Team, Kyrgyzstan Team, «Алмас қырандары», «Айбын» құрамалары өнер көрсетті. Оғландарымыз өзгелерден басымдықтарын көрсетті. Сегізбұрышта шеберлікпен айкасты. Ешбіріне дес бере қоймады. Қарсы келгенді алып ұрды, бүйірден келгенді шалып жықты. Біздің қас баһадүрлеріміз қазақтың намысын бермеді. Жанкүйерлеріне шексіз қуаныш пен жеңіс сыйлады.

Финалда 14:6 есебімен «Tobet Top Team» командасы жеңіске жетті. Біздің білекті де жүректі жігіттер сырттан келген қарсылас-тардың сағын сындырды. Еліміздегі ережесіз жекпе-жек өнерінің биік деңгейде екендігін тағы бір мәрте танытты.

Кездесудің соңы өте тартысты болды. Турнирден бір күн бұрын әйгілі спортшы Жасұлан Әкімжан денсаулығына байланысты «Гран-при Найза» жарысына қатыспайтынын мәлімдеген еді. Осылайша ережеге сәйкес DAR Team командасына 3 ұпай берілді.

Арман Ерменбет пен Юрий Титоренко арасында қызу тартыс болып, төрешілердің шешімімен екіншісі жеңіске жетті.



Самандар Рузматов титулды муай-тай спортшысы Намик Нифталиевті тізе бүктірді. Содан кейін бұл жекпе-жекті Ground of round сайысы түрінде аяқтады. Өзінің мықты күресінің арқасында Саид Агаев әлеуетті «жеңімпаз», гамма MMA бойынша әлем чемпионы Елжан Ғасановты жеңді. Шешуші кезеңде Ақан Көшен мықтылығын жұрт білді. Ол Тимур Серікқұлды екінші раундта техникалық нокаутпен жеңді. Сөйтіп, Tobet Top Team құрамасына 25 миллион теңге көлеміндегі жеңіс кубогы табысталды.

Гран-при кезінде Astana Tobet Top Team құрамасы Иран және Қырғызстаннан келген қарсыластарын екі рет таза есеппен жеңді. Бұл MMA «марафонына» 50-ден астам оғлан қатысты. Жаңа «жұлдыздар» пайда болды.

Олар: Тимур Серікұлы, Ақан Көшен, Самандар Рузматов, Саид Агаев, Юрий Титоренко, Намик Нифталиев, Елжан Ғасанов. Осылайша DAR Team & Tobet негізіндегі MMA туралы алғашқы қазақша веб-сериал түсірілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



БІЗДІҢ ЖІГІТТЕР МЫҒЫМ

Қазақ мемлекетінде ілгерілеп жатқан спорт көп. Соның бірі – ережесіз жекпе жек. Көптен бері жанкүйерлердің қызығушылығына әсер етіп келеді. Соның арқасында спортшылар танылып жүр.

Біздің жігіттер мығым. Өз күшін бағамдай алады. Қарсыласқа дөп соққы дарытуға тырысады. Еш босаңсығандарын байқай қоймадық. Алайда, олай етсе, қиыншылық туады. Сегізбұрышта тұмсықтан соққы дарыса, оңбай түседі. Осыны білгендіктен спортшылар ұдайы дайындық үстінде жүреді. Ережесіз жекпе-жек – қиын спорт. Сәл осалдықты кешірмейді. Босаңсығанда ауруханадан бір-ақ шығуы ықтимал. Оның арты ауруға душар етеді. Тіпті, мешел болып қалып жатқандары қаншама. Мұндай жағдайлар дүние жүзінде көптеп кезігеді. Сондықтан сақтық қажет.

Қанша жерден ережесіз дегенмен де, оның да белгілі бір қағидалары бар. Қарсылас құлаған сәтте ұрып, төмпештеу жоқ. Сонымен бірге, жыныс мүшесіне зақым келтіруге болмайды. Қанша жерден қанды спорт болса да, қатып қалған қағидадан айнуға болмайды. Артық қылыққа барса, жеңіс қарсыласқа ойысады. Бұл – айнымас ереже. Қай спортқа барса да, қарсы тарапқа құрмет болуы шарт. Кездесудің алдында бір-біріне құқай көрсетіп жатады. Алайда, күштіні уақыт көрсетеді. Осыған лайықты өнер көрсетсе, кез келгеннің қолында ұтыс жұлдесі болары ақиқат.

ҚАНДА БАР ҚАСИЕТ

Көшпенді халықтар жауынгер келеді. Ұдайы аттың үстінде, желдің өтінде жүру оңай емес. Оған шамасы жеткен, осы қасиет әбден қанға сіңгендер барады.

Бүгінде ережесіз жекпе-жекпен сайыстар көп өтуде. Тау халықтары спортқа бейім. Дене бітімдері алпамсадай. Бұлшық еттері шығулы, қимыл-қозғалыстары ширақ. Алайда, қанша жерден бабы келісе де, біздің жігіттерден айланып асыра алмайтын шақтары жиі болады. Оны әлеуметтік желіден көріп-біліп, естіп жүрміз. Демек, бұл жерде бір кілтипан бар. Ол халқымыздың генетикалық қасиетінде деп білеміз.

Ұлан-ғайыр атырапты қорғау, ақыл мен білек күшін теңдей қажет етеді. Үнемі әскер өнерге жақын жүрді. Ұрпағын сәйгүлікке сай отырғызды. Атын баптады. Ұрпағын ат спортына баулыды. Қала берді наурыз, той жиындарда әртүрлі сайыс өткізді. Белдесудің түр-түрін шеберлікпен көрсете білді. Соны көріп өскен перзенттер босбелбеу болмауға тырысты. Бәлкім, сан ғасырлардан бергі үзілмей жеткен «қазақша күрес» сөзіміздің дәлелі іспетті. Сол себепті де, күрес, бокс, жылдам соққы жасау сияқты бірқатар спорт түрлерінің жиынтығы саналатын MMA, UFS бізге жат емес. Күш-жігерді, рухты қатар талап ететін спорт қанымызды бар дейтініміз сондықтан.

Қазақ – қайсар халық. Ұлдарымызды бала күнінен спортқа тәрбиелеу маңызды.



ТУЙЫН:

Батыр Бауыржан Момышұлы «Ешкім іштен батыр болып тумайды. Батырлық та, мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» депті. Қазақтай өр рухты, қайсар, адал халықтың ұрпағымыз. Қазіргі жастар сол қасиетке лайық болуымыз шарт. Мейлінше өркениетті қоғамда дені сау ұл қалыптастырған абзал.

Ата-бабамыз текті. Сөзге тоқтаған. Уәдені бұзбаған. Өз-өзін сабырлы, қалыпты ұстаған. Біздің әрбір ОСТАГОН додасында сайысатын жігіттер осы қалыптан таймайтынын байқаймыз.

UFS

Жуырда қызу сайыс өткелі тұр. Дүйім жұрт көз тіккен айқас көпті өзіне тәнті етпек. Осының арқасында кіл мықты анықталады. Сөйтіп, кәнігі батарға лайықты жаңа жұлде тағайындалады.

ҚЫЗУ САЙЫС

Ережесіз жекпе-жектің өз заңы бар. Осыған сай әрекет ететіндер қатары артып баранды. Сондай баһадүріміздің бірегейі – Шавкат Рахмонов.

Оғаланымыз осымен 5-ші мәрте UFS алаңында өнер көрсетеді. Бүкіл әлем көз тіккен айқасты кезең Америка Құрама Штаттарында өтеді. Отандасымыз америкалық файтер Джефф Нилмен кездеседі. Бұл жекпе-жек негізгі кард аясында өтеді, кездесу мөлшермен Астана уақыты 9.40-та басталады. Бір нәрсені шегелеп айтқан жөн. Елдің атынан MMA сегізбұрышынан UFS дәрежесіне көтерілгендер онша көп емес. Сондай нағыз бабында тұрған әрі алғашқылардың бірі болып UFS-де айкасақ түсіп, жеңісті жақындатып жүрген Шавкаттың мүмкіндігі жоғары. Ең бастысы, мұхиттың арғы жағында өтетін ОСТАГОН алаңында топ жарады деген сенімдеміз.

ФУТЗАЛ

ҚҰРАМ БЕКІТІЛДІ

Еліміздің футбол құрамасының бас бапкері Рикардо Кака оқу-жаттығу жиынына шақырту алған ойыншылар тізімін жариялады.

Prosports.kz мәліметінше команда 2024 жылғы әлем чемпионатына іріктеу турнирінің негізгі кезеңінде Словениямен кездеседі. Ойын 8 наурыз күні Марибор қаласында өтеді, матч Астана уақытымен сағат 23.00-де басталады. Қазір Рикардо Кака шәкірттері 9 ұпаймен турнирлік кестеде көш бастап тұр.

Соңғы тізімге 17 ойыншы енеді. «Атырау» ойыншысы Жақсылық Амандосов пен «Ақтөбе» ойыншысы Дамир Қайырбай Қазақстан құрамасына алғаш рет шақырылды. Футзалдан Қазақстан құрамасының тізімі төмендегідей берілді.

Қапашылар: Нұрәлем Байдулла («Рахмет»), Рауан Атантаев («Астана»), Нарын Серіков («Қайрат»).

Алаңдағы ойыншылар: Дуглас, Дэурен Нұрғожин, Шыңғыс Есенаманов, Дэурен Тұрсағұлов, Альберт Акбаиков, Эдсон, Біржан Оразов (бәрі – «Қайрат»), Тайнан («Эль-Посо», Испания), Лео («Жоинвиль», Бразилия), Азат Валиуллин («Аят»), Арнольд Кнауб, Райымбек Жұма (екеуі де – «Каспий»), Жақсылық Амандосов («Атырау»), Дамир Қайырбай («Ақтөбе»).

Айта кетейік, команда капитаны Лео Игита жаракатынан әлі толық айыққан жоқ.

ТЕННИС

ҮЗДІКТЕР
ҚАТАРЫНА ЕНДІ

Қазақ теннисі жоғары деңгейде. Әсіресе, жастар спортының қатары артып барады. Жас спортшылар әлемдік спорт аренасында үздіктер тізіміне еніп жүр.

Бүгінгі таңда жас теннисшілер ел абыройын асқақ етіп келеді.

Соның бірегейі – Ева Корышева.

Ева Еуропадағы үздік 50 ойыншының арасына кірді. Tennis Europe рейтингінде 14 жасқа дейінгі қыздар арасында Ақтөбе теннис мектебінің түлегі Ева Корышева 61-ден бірден 45-орынға көтерілді.

Еліміздегі жастар арасындағы теннис спорт өнері қарқынды дамуда. Өзіндік дара жолын қалыптастырып жатқандығын белгілі. Оны осындай қыздарымыздың жемісті еңбегінен білеміз. Ева осыдан 1 апта бұрын Түркияда жеңіске жеткен болатын. Оның осы жеңісі алға ілгерілеуіне жол ашқанын көріп отырмыз. Жерлесімізді алда талай сайыс күтеді. Бұйырса әлемнің 10 үздік ракеткашысы атанып қалар.

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

Еліміз бойынша алғаш рет Алматыда «көбелек балаларға» (медицина тілінде – буллезді эпидермолизге шалдыққан науқастар) ота жасалды. Олардың көбелекке теңелу себебі – терісі көбелектің қанаты секілді өте нәзік болып келеді. Сондықтан да болмашы ғана оқыс қимылдың өзінен баланың денесі тез жарақаттанып қалады.

Дене жарақаттанған кезде баланың терісінде көпіршіктер пайда болып, тері қабыршақтанып, орнында ашық жара қалады. Ал ол жараны медициналық арнайы таңғыш материалдармен үнемі жауып, таңып қою керек. Қайта зақымданудан солай қорғайды. Мұның бәрі ұзақ та тұрақты күтімді, медициналық кәсіби көмекті қажет етеді.

Жалпы, буллезді эпидермолиз (көбелек синдромы) сирек кездесетін генетикалық сырқат. Адамнан адамға жұқпайды және өзгелерге ешқандай қауіп төндірмейді. Өкінішке орай, бұл кеселдің емі жоқ. Тек ауруды ерте сатысында анықтап, арнайы таңу құралдарын дұрыс қолдана отырып, күтім жасау арқылы пациенттің қиналмай, қалыпты өмір сүруіне жағдай жасауға болады.

Бұл аурудың асқынған көрсеткіштерінің бірі – псевдосиндактелія және қол саусақтары мен аяқ башпайларының бірігіп кетуі. Бұл патологияны тек хирургиялық жолмен түзуге болады, яғни бірігіп өскен саусақтар ажыратылады. Бұған дейін осындай диагноз қойылған қазақстандық науқастарға ота Ресей ауруханаларында жасалып келген болатын. Енді бірегей операция Алматыда тұңғыш рет жасалып отыр. Қазақ ұлттық медицина университетіне қарасты «Ақсай» клиникасының ортопедиялық бөлімшесінің меңгерушісі және буллезді эпидермолиз диагнозымен туған балаларды ұзақ жылдар-

ЕМІ ЖОҚ КЕСЕЛ

Алматыда алғаш рет «көбелек балаларға» операция жасалды



дан бері бақылауда ұстап келе жатқан білікті маман Исамдун Харамов мұны отандық медицинадағы тарихи күн деп бағалады. Демек, енді өзіміздің мамандар да күрделі операцияны жасауға қауқарлы.

Бірегей операция Ресейден келген мамандардың жетекшілігімен сәтті өтті. Бірақ ота жасалған екі «көбелек бала» әлі де дәрігерлердің жіті бақылауында болады.

Тақырыпқа орай айта кетсек, бұған дейін буллезді эпидермолизбен ауыратын алғашқы қазақстандық балаға Ресейде ота жасалып, кішкентай науқас операциядан

бірнеше ай өткенде-ақ сурет салуды үйренген. Ресейде мұндай патологиясы бар балаларға кейінгі 5 жылдан бері операция жасалып келе жатқан көрінеді. Енді олар «Ақсай» балалар клиникасының дәрігері Исамдун Харамовтың күшімен, шақыртуымен біздің елге келіп, тәжірибесімен бөлісіп, бірігіп біткен саусақ, башпайларды ажырату процедурасын көрсетіп, шеберлік сабағын өткізді.

Көбелек синдромына шалдыққан екі бала да Алматы клиникасына Алматы облысынан түскен. Бірі – 9 жастағы Есентай. Мектепте бармайды, үйден оқып жүр. Оған «буллезді

эпидермолиз» диагнозы туғаннан кейін бір айдан кейін қойылыпты. Анасының айтуынша, Есентай – өте ақылды бала, ноутбуктың да, смартфонның тілін жақсы біледі. Әдебиетті жақсы көреді. Биылдан бастап информатикаға ден қоя бастапты. Ол күрделі диагнозына қарамай, бәрін өзі жасауға тырысады екен.

Ал 6 жасар Бекнұрдың сырқаты ауырлау көрінеді. Қол-аяғы үнемі таңулы жүреді. Сондықтан оған жасалатын операцияның аса күрделі болатынын дәрігерлердің өзі де жасырмайды. Өйткені, мұндай балаларға анестезия жасау өте қиын. Ауыз қуысы толық ашылмағандықтан, өкпе интубациясын жүргізуде де қиындықтар туындайтын көрінеді. Баланың бірігіп кеткен саусақтарын ажыратқаннан кейін операцияның ең қиын кезеңі басталады – теріні трансплантациялау. Бұл процесс зергер секілді аса ұқыптылықты, дәлдікті қажет етеді. Бірінші рет бір қолға операция жасалады. Алты айдан кейін дәл осындай процедура екінші қолға жасалады, тағы алты айдан кейін аяқтарына жасалады.

Буллезді эпидермолиз де орфандық кеселдерге жатқызылады. Еліміз бойынша «көбелек синдромымен» 108 пациент есепте тұр. Оның 63-і – 18 жасқа дейінгі балалар. Мамандардың саралауынша, енді тағы 5 балаға осындай ота жасауға болады. Айтпақшы, «көбелек балаларға» өмір бойы пайдалануға тура келетін медициналық арнайы таңғыштар, майлықтар мемлекет есебінен беріледі. Бұл таңғыш бұйымдар сырқат балалар үшін денесіндегі терінің ролін атқарады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, бұл кесел тұқым қуалайды. Егер ата-ананың бірінде болса, гендік тұрғыда берілу мүмкіндігі – 50/50. Ал баланың әке-шешесінің екеуінде де расталса, буллезді эпидермолиздің берілу қаупі тіпті жоғары болады. Бірақ өзі буллезді эпидермолизге шалдықса да, дүниеге дені сау бала әкелген әйелдер де бар көрінеді.

Айтпақшы, жоғарыда айтылған екі операция да «Kobelek balalar» қайырымдылық қорының қолдауымен жасалған.

ӨЗЕКТІ



Қазір бір үйге қонаққа келсеңіз немесе өз үйіңізге қонақ келсе де байқасаңыз, асыр салып, у-шу болып ойнап жатқан балаларды көрмейсіз. Себебі, олар өзіне ыңғайлы орынға жайғасып алып, телефон шұқылап отырады, тіпті ішіне ессіз кіріп кетеді, айналасында не болып жатқанымен ісі де жоқ. Телефонсыз тамақ батпайтын, ұйықтамайтын балалардың ең кішкентайы – екі айлық нәресте.

НОМОФОБИЯ – ҒАСЫР ДЕРТІ

Алматылық психиатрлар «Баланы телефоннан қалай алыстатуға болады?» деген әдістемелік құрал әзірлеп жатыр

Алматылық психиатрлар «Баланы зиян шектірмей (моральдық тұрғыда қинатпай) телефоннан қалай алыстатуға болады?» деген әдістемелік құрал әзірлеп жатыр. Бұл туралы бізге Алматы қалалық Психикалық денсаулық орталығының директоры Сапар Рахменшеев хабарлады.

Орталық психологтары мен Қазақстан–Ресей медициналық университетінің білікті психиатрлары, психологтары жаңа әдістемелік құрал әзірлеуге біраздан бері кіріскен. Иә, сандық технология дамыған сайын компьютерлік ойындарға үйір балалар, бүлдіршіндердің қоршаған ортамен қарым-қатынасы азайып, қимыл-қозғалысы шектеліп, ойлау қабілетінің дамуы тежеледі деп мамандар дабыл қаққалы қашан!

Сапар Рахменшеевтің айтуынша, осы тұрғыда алматылық атаналардың психологтардың көмегіне жүгінуі жиілеген.

Телефонсыз тамақ ішпейтін, ұйықтамайтын, ойнамайтын тәуелді балалардың ең кішкентай 2 айлық нәресте. Цифрлы дәуірде белең алған осындай оқиғалар әдістемелік оқу құралын әзірлеуге түрткі болды дейді орталық басшысы.

– Біріншіден, цифрлы құрылғыларға жіпсіз байланған балалардың көру қабілеті нашарлайды. Офтальмолог мамандардың кабинетінде қазір ұзын-сонар кезекті көресіз. Екіншіден, бала телефонға телміргенде бірқалыпты отырады. Бұл омыртқаларының қисық өсуіне тікелей әсер етеді. Үшіншіден, олардың психикалық мінез-құлқы өзгереді. Мінезі тез құбылады. Телефонды алып қойса, ашуланып, дау шығарады. Сіркесі су көтермейді. Қаны басына шауып, жүлқынып, айбат жасауға да дайын тұрады. Бұл біздің орталықта емделген балаларды зерттеу барысында байқағанымыз, – дейді орталық директоры С.Рахменшеев.

Бұл балалардың бойында «қазір әке-шешем қолымнан телефонды жұлып алады, телефонсыз қаламын», «қуаты азайып барады, сөніп қалатын болды-ау» деген үрей, қорқыныш та басым болатын көрінеді. Мұны қазір «номофобия» деп атайды. Дегенмен, психологтар баланың нәзік психикасын тәуелділіктен құтқаруға болады деп отыр.

Қазіргі күні Алматыда кәмелет жасқа толмаған 2000-ға жуық ұл-қыз психикалық есепте тіркеуде тұр. Олардың 12-і – шизофрения F20, 664-нің ақыл-есі кем, аутизмге шалдыққаны – 613 бала. Бәрі де дәрігерлердің бақылауында. Биыл психикалық ауруларына шипа іздеп келген балалар саны 200-ге жуық көбейген. Ал жаңа әдістемелік құрал келешекте мектеп психологтары мен ұстаздардың көмекші құралына айналады деген сенім бар деп отыр мамандар.

ӨНЕРТАБЫС

Стоматологиялық тұтқа кариесті ауыртпай емдеуге мүмкіндік береді

Тісін емдетуге баруға қорқатын адамдар әлі де бар арамызда. Иә, тісті түрлі медициналық құралдармен дызылдатып, шұқылап, егегеннің өзі жүйкеге тиетіні де, қорқыныш ұялататыны да жасырын емес.



С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің стоматология мектебінде тістердің қатты тіндерін травматикалық емдеуге арналған бірегей стоматологиялық тұтқа әзірленді. Бұл – егеп тазалауға арналған ауа-абразивті құрылғы. Оны аталған университеттің Терапевтік стоматология кафедрасының профессоры Серік Жолдыбаев ойлап тапқан және бүгінгі күні тәжірибеде сәтті қолданылуда.

– Оның бірегейлігі – тек кариес бар тістерді егеп тазалайды, ал сау тістерге әсер етпейді. Егер қазір кариес бор машинамен тазаланып жүрген болса, одан адамдарға қорқыныш, жағымсыз сезім тудыратын өзгеше дыбыстар шығады. Ал біздің жасап шыққан құрылғымен, белгілі бір қысыммен ауа-абразивті қоспа арқылы кәдімгі ас содасын қолдана отырып, барлық ыдыраған тіндер жойылады. Бұл анестезиясыз жұмыс істеуге мүмкіндік береді, ересектерді де, балаларды да емдеуге болады және үлкен сұранысқа ие. Өйткені, тісті емдеп жатқанда ауыртпайды, – дейді өнертабыс авторы Серік Сәбитұлы.

Стоматология мектебінің инновациялар тізіміндегі бұл жалғыз тың жаңалық емес. Импульстік режимде жұмыс істейтін импульсті электродепофорез деп аталатын жаңа физиотерапиялық аппарат та ойлап табылды. Құрылғының жұмыс істеу принципі – ток импульстарының ауыспалы берілуімен белгілі бір дәрілік затты енгізуде, бұл емдеудің тиімділігін едәуір арттырады. Оны тек стоматологияда ғана емес, медицинаның басқа салаларында да қолдануға болады екен. Дегенмен, стоматологияда кеңірек қолданылады. Жаңа аппарат периодонтитті, пародонт тіндерінің ауруын және ауыз қуысының шырышты қабығын емдеу үшін қолданылады.

– Периодонтиттерді емдеу өте қиын. Мұнда аталған құрылғымен дәрі-дәрмекті енгізіп, кез келген кезеңде қабыну процесін тоқтатуға болады. Мен оны қазір күнделікті қолданамын. Сонымен қатар, тұрақты ток (мырыштау) және дәрі-дәрмекпен сіңіру (форез) жүреді және сол жерде сақталады. Бұл өте ыңғайлы. Аппараттың өзі үш түрлі құралдың қасиеттерін біріктіреді, – дейді бұл аппаратты да ойлап тапқан Серік Жолдыбаев. Оның айтуына қарағанда, инновацияның өзіндік құны соншалықты қымбат емес, сондықтан өндіріске енгізуге әбден болады және сұраныс та жоқ емес.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



ӨЗ СӨЗІМ – ӨЗІМДІКІ

«ЖҰЛДЫЗ» БОЛУ ОҢАЙ МА?

әлеуметтік желінің көлеңкелі тұсы да, күнгейі де бар екенін жоққа шығармайық

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Сізге қалай, білмеймін, маған осы әлеуметтік желі үрдіс алғалы елдің дені танымал болғысы келетіндей... Әлбетте, көпке үлгі болатын һәм ой салатын дүниелер болса, құптарлық екен дерсің. Бірақ біздің сөз етпегіміз – білім-білігімен, өнерімен әлде басқа қабілетімен дараланып, өзі ғана емес, барша қазақты әлемге танытып жүрген дарабоздар жайлы емес. Айтпағымыз, «атың шықпаса жер өртенің» керімен, болсын-болмасын танымалдылыққа құштар жандар жайлы...

Бес саусақ бірдей емес. Әлеужеліде жұрт сүйсініп, қызыға қарайтын жағымды көріністер жетерлік. Түрлі ақпаратқа қанығып, білім дамытып, бұл технологиялық мүмкіндікті тәлім-тәрбие, отбасылық құндылықты дәріп-теуге арнайды олар. Десек те, әлеужелідегі көз сүрінтер түрлі жайттар біреудің деле-бесін қоздырса, екіншісі «бет шымшып» «ұят-тағынын» астында қалып жатады. Нәтижесінде ел талқысына түскен олар бір-ақ күнде көптің көзайымы һәм «интернет жұлдызы» болып шыға келеді. Одан кейін оларды теледидар шақырады, рейтинг жоғарылайды. «Жұлдыздар» осылайша желіден ғана емес – экраннан жарқырайды! Ойлап қарасам, сонда «жұлдыз» болу оп-оңай екен ғой. Алайда, сол «желілік жұлдыз болу» ұлттың атына кір келтірмесе жақсы. Өркім өзінің қабілетіне қарай ерекше екені сөзсіз. Сондықтан «Аташка на хайпе» фильміндегідей неше түрлі қиялға ерік берген жастарға, тіпті жасамысқа да шек қоя алмайсың! «Қолыңнан келсе қонышынан бас» дейді мұндайда. Иә, әлеуметтік желінің көлеңкелі тұсы да, күнгейі де бар екенін жоққа шығармайық. Күнгейі көңіліне қуаныш ұялатып, өнері өзгеге үлгі болар әдептілерді көргенде жаныңа жақынның бәріне жарнамалаймыз... Өзіміз де.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Бірақ бейәдептікті көргенде ішің ашиды. «Қазір әлеуметтік желінің заманы. Ұнамаса, көрмеңіз» дейтін шығарсыз. Бірақ мен қарамасам да, оны менің балаларым қызықтауы мүмкін ғой. Мені ойлантадыны осы.

Алдымен өзінді тәрбиеле!

Сонымен, қоғамда талқыланған бейнежазбаның бірі – автомат ойынын құныға ойнаған АНА. Көріп пе едіңіз?! Өткен жылы әлеужеліден көрген бейнежазба жақында тағы алдымнан жарқ етті. Көріп қалдым. Сосын көкейді ой қуалады... «Ана – ұлт тәрбиешісі». Демек, ең алдымен Әйел-Ананың еншісіне берілген аманат – өнегелі ұрпақ өсіру. Өлгі видеодағы ананы алғаш көргенде кеудесіндегі жарқырап тұрған төсбелгіні көріп «алтын құрсақты ана екен» деп сүйсіне қарағанымыз рас. Алайда, ол кісінің ерсі қылығына қарап, үлгі тұтар көрініс деп ойламадым. Ал қазақта «баланы тәрбиелеп әуре болма, бәрібір өзіне ұқсайды, сол үшін алдымен өзінді тәрбиеле» деген сөз бар.

Келесі бейнежазба үнді сериалдарының жанкүйерлері жайлы. Онда кейіпкерлер үшін көз жасына ерік берген ақ жаулықты ана бейнеленген (Бұл көріністер өткен жылдары үндінің «Ананди» атты сериалы теледидардан көрсетілген кезде әлеужеліде «хит» болған). Бейнежазбаны есейіп қалған ұлы түсіріп тұрған болуы керек, ағыл-тегіл жылап отырған анасына қарап: «Неге жылап

отырсың? Ича өліп қалғанға жылап отырсың ба, не?» деген сауал қойды. «Бейшара, жоқтықпен жүрді де, өлді де қалды? Туған балаларының біріне – не ұлынан, не қызынан топырақ бұйырмады...» деп егіледі анасы.

Бұл видеоның ізін ала: «Ананди болшы» деп кішкентай бөбегінің басын шайқағанына мәз болған қазақ келіншегі де көрдік. Әрине, бала көргенін қайталайды. Сонда әр қазақ бойынан табылатын асыл қасиеттер қайда?! Қазақтың баласы ананың әлдімен тербеліп, бесік жырымен уанып, ұлттық тамырдан нәр алған. Ата-әжесінің ертегісін, батырлық дастандар мен жырларды тыңдап ержеткен, бойжеткен. Иә, заман ағымына қарай интернет уақыт талабы дейміз. Ендеше, неге балаларымыз тандайы тақылдап тұрып, ата-бабасы қалдырған жыр-дастандарды айтпайды?! Ұлттық тәрбиенің қайнар көзі осындай тағылымды дүниелермен сусындағанда қанат

жаймай ма?! Жоғарыдағы бейнежазбалар турасында Мұхитдин Исаұлы деген желі қолданушы: «Үндінің «Ананди» тәрізді фильмінің бір бөлімінің өзі мың буддашы мен кришнаидтың уағызынан әсерлі. Ал біздің елде ол фильм бірнеше жылдан бері көрсетілді. Ата-әжелер ертегісін қойып, ұрпағымен бірге көрді. Ондай фильмдер тұрғанда секталарға тыйым салдың не, салмадың не? Бұл қораның есігін қасқырларға ашып, тесігін қымтағанның қылығы. Сонда қазақтың елі қайда?» деп ашынған еді. Қазір әлеужеліде не көп, той кешін қыздырған ерсі қылықтар мен бейәдеп көріністер көп. Ақша табудың жолы осы екен дей ме, белден төмен әңгімені еш қысылмастан айтатын «білімділердің» де асығы алшысынан түсіп тұр. Шынтауайтында, мұның барлығы біздің ұлтқа жат қылық.

Лайк үшін бе, әлде хайп үшін бе?

Білесіз бе, «жұлдыз» болу осындай қылықтарымен елді күлдірем деп бүлдіріп алу-дан басталады. Өйтпесе, осы «жұлдыздардың» елге танымал болған тірліктерінен кейінгі өмірі жайында кім, не айта алады? Міне, көрдіңіз бе, олар туралы ешқандай ақпарат жоқ. Бір анығы, телефоннан телефонға көшіріп, қызықтағанға мәзбіз. Сонда танымалдылық деген не? Оған неге соншалықты ынтызар, құмар болып кеттік. Лайк үшін бе, әлде хайп үшін бе? «Әсіре қызыл тез оңар» деген. Бірақ әлеуметтік желі пышақтың жүзіндей өткір. Абайламасаң, «жаралана-сың».

Бастысы, мейлі, «жұлдыз» болғың келсе – айтар ойыңды сарапал барып жеткіз, көрсетер «көрінісіңнің» астарына үңіл. Сонда біз «ұлы халықтың текті ұрпағы» деген абыройлы атқа сай боламыз. Ол үшін бізге мәдениетті сөйлеп, әдепті жүру қажет-ақ.

P.S. Көпшіліктің желіге тәуелділігі сондай, көп уақыттың қапы кетіп жатқаны ол бөлек әңгіме. Ал әдепсіздікке шектеуді қалай қоймақ керек? Оған интернет емес, ең алдымен әр адам жауапты емес пе?! Иә, қазір технология заманы, цифрландыру дәуірі. Алдағы уақытта барлық шаруаны сол телефонның көмегімен-ақ тындыратынымыз анық. Бұл қай салаға болса да тиімді әдіс. Алайда, оны пайдалы іске ғана арнау үшін әрекетті өзіңізден бастаңыз. Сізге қарап балаңыз үлгі алсын!



НЕ?

«Мөлдір махаббат»


Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы
Қазақ ұлттық драма
театры.
Авторы: Сәбит
Мұқанов.
Қоюшы-режиссері:
Ә.Рахимов, ҚР еңбек
сіңірген қайраткері.
Күні мен уақыты:
5 наурыз, 18.30.



ҚАЙДА?

«Ай сәулесі» атты айрықша көрме

Өтетін орны:
Әбілхан Қастеев
атындағы ҚР
Мемлекеттік
өнер музейі.
Күні мен
уақыты:
Көрмені наурыз
айының 5-іне
дейін тамашалай
аласыздар.



ҚАШАН?


П.И.Чайковский «Аққу көлі»

Өтетін орны:
Абай атындағы
мемлекеттік опера
және балет театры.
Жанры: 2 актілі
балет.
Ұзақтығы:
2 сағат, 30 минут.
Күні мен уақыты:
5 наурыз,
19.00.





ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

Серік
ЖУМАБАЕВ

Тез дайындалатын тағамдар – «фаст-фуд» тек шет мемлекеттерде ғана емес, біздің елімізде де танымалдыққа ие. Жыл сайын аталған тағамды тұтынатын тұрғындардың қатары артып келеді. Десе де, олар кезекті рет гамбургер немесе хот-дог сатып ала отырып, қысқа мерзімде әзірленетін тағамның құрамы неден тұратынын және оның адам денсаулығына қандай зиян әкелетінін біле бермейді.

БҰҒАН БАЛАЛАР ҚҰМАР

Фаст-фуд өнімдерінің ішіне гамбургер, хот-дог, қуырылған картоп, қытай кеспелері, кепкен нан, шаурма, чипс дегендер кіреді. Мұның барлығы адам ағзасына кері әсер етіп, түрлі ауруларды қоздырады. Жүрек-қан тамыр ауруларына, қауіпті ісікке, туберкулез, салмақтың өсуі, сосын диабет секілді ауруларға алып барады. Сондықтан мамандар «фаст-фуд өнімдерін халық көп тұтынбауы үшін оның бағасын көтеріп, қосымша құн салығын өсіру қажеттігін» айтып отыр.

Қазіргі уақытта бізде шаурма, сэндвич, чебурек, пицца, чипс, қуырылған картоп дегендер және түрлі газдалған сусындар көптеп сатылады. Мұндай тағамдарға әсіресе, балалар, жастар құмар. Бірақ өкінішке орай, мұндай өнімдердің сапасы мен құрамында не бар екендігінің көпшілік біле бермейді. Бұл тағамдардың барлығы тез әзірленетін тағамдар қатарына жатады. Ал оның адам денсаулығына тигізетін зияны шаш-етектен. Өкініштісі сол, фаст-фуд сататын дүкендер әдемі жарнамалары арқылы өнімдерін төмен бағалармен ұсынып, жылдам әзірленетінін айтып, тұтынушылардың назарын өздеріне аударады. Дегенмен, мұндай тағамдардың құрамында дәрумендер жоктың қасы, есесіне, онда майлар мен консерванттар көп болады.

ҚАН ҚЫСЫМЫ АУРУЫН АРТТЫРАДЫ

Ал ол несімен қауіпті деген сұраққа жауап беретін болсақ, фаст-фуд тағамдарын дайындау барысында оған маргарин көп мөлшерде қосылады. Маргариннің құрамында жасанды өнім, яғни транс майлар көп. Кейбіреулер фаст-фудтың денсаулыққа зиян екенін біле тұра, одан бас тартпайды. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл жағдай адамды психологиялық және химиялық тәуелділікке әкеп соқтырады. Өйткені, аталған өнімдерді жасаушылар оның дәмін күшейтетін арнайы қоспаларды қосады да, сол арқылы тұтынушыларды өзіне тартады екен. Тез тамақтанудың кесірінен ас қорыту жолдары қиындайды. Фаст-фудқа үйір жандардың асқазан, жүрек аурулары, қан қысымы, кант диабеті аурулары күн өткен сайын үдей түседі. Әсіресе, өз денсаулығына көңіл бөлмейтін жастарға обал-ақ. Олар диета сақтамай тамақтанатын болса, денсаулығы күн өткен сайын әлсірей түседі.

СЕМІЗДІККЕ ШАЛДЫҚТЫРАДЫ

Түрлі елдердегі медициналық зерттеулердің нәтижесі фаст-фуд өнімдерін күнделікті қолдану семіздікке әкеледі дейді. Мәселен, адамның бір күндік тағамы 1500 калорияны құрауы тиіс болса, ал орташа көлемдегі бір гамбургер немесе бір стакан кока-кола 1500 калорияға тең. Енді есептей беріңіз. Сіз бір гамбургермен немесе бір стакан кола ішіп, бір күн бойы аш жүре аласыз ба? Жок. Сондықтан бұл өнімдер адамның толық тәбетін қанағаттандыра алмайды, ол тек аз ғана уақытқа асқазанды алдау десе де болады. Жарты сағаттан соң адам тағы да тамақтанғысы келеді. Оның құрамына жасанды май мен түрлі жасан-

FAST FOOD ӨНІМДЕРІ

адам денсаулығына өте қауіпті



Жасыратыны жоқ, фаст-фуд тағамдардың бағасы арзан болғаннан кейін әрбір адамға қолжетімді болып тұр. Егер бұл тағамдарға қосымша құн салығын көтерсек, онда тұтынушылар да азауы ғажап емес. Бірақ әрине, қосымша салық салумен мәселе шешілмейді. Оның сыртында жұртшылық арасында үгіт-насихат жұмыстарын көптеп жүргізуіміз қажет. Әсіресе, балаларға, жастарға ұғынықты етіп түсіндіргеніміз жөн. Онымен қоса, бұған тиісті заң арқылы шектеу қойғанымыз дұрыс. Санитарлық жағынан да бақылауды күшейтіп, қадағалауды арттыруымыз қажет. Жалпы, гамбургер, хот-дог дегендерге ғана емес, кока-кола мен пепсилерге де тыйым салғанымыз жөн.

ды дәмдеуіштер қосылғаннан кейін адам қайта-қайта жегісі келіп тұрады. Сонымен бірге, сосискалар, пісірілген шұжықтар, паштеттер еттен жасалғандай көрінгенімен, негізінен жартысына жуығы майдан жасалып, түрлі тәтті дәмдеуіштермен бүркемеленеді. Қуырылған семіз ет, кофе, шоколадтар, арзан әрі калориясы көп нан-жарма, кондитер өнімдері де адамды семіздікке апарып тірейді.

АҒЗАМЫЗ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРҒА БЕЙІМДЕЛГЕН

Жалпы, фаст-фуд өнімдерін қазақ еліне жолатудың керегі шамалы. Тез дайындалатын, адам ағзасына айтарлықтай зиян келтіретін мұндай өнімдердің бізге түкке де керегі жоқ. Өзіміздің ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тағамдарымызды пайдалансақ, одан ұтарымыз көп. Біздің ағзамыз шетелдік тағамдарға емес, өзіміздің ұлттық тағамдарға бейімделген. Сондықтан шетелдік тағамдарды пайдалануға шектеу қойсақ жақсы-ақ болар еді. Бір жағынан, олардың тағамдарына түрлі химикаттар қосылады. Тез дайындалатын тағамның отаны АҚШ-та халықтың 60 пайызынан астамы семіздікпен ауырады. 300–400 келі тартатын адамдарды көргенде бір жағынан жаныңыз ашиды. Бірақ олардың көбі сол фаст-фудтың салдарынан артық салмақ қосып алғандығын мойындайды. Сондықтан біздің халқымыз мұндай кеселге ұшырамас үшін қазірден бастап алдын алуымыз керек. Шағын бизнесті қолдаймыз деп, халықты ауру-сырқауға душар етуге болмайды. Бұған мемлекет тарапынан шектеу қойсақ, дұрыс-ақ болар еді.

ТАМАҚТЫ АЗ ЖЕУДІҢ АРТҚЫШЫЛЫҒЫ КӨП

Семіздіктің екі себебі барын айтуымыз керек. Тұқым қуалаушылық және мешкейлік. Әдетте ата-әжесі, әке-шешесі немесе нағашы жұртынан біреуі толық болса, оның ұрпағы да семіздікке бейім тұрады. Оны тоқтату немесе күресу мүмкін емес. Жаратылыс өз дегенін істейді. Екіншісіне келсек, егер адам тамаққа деген нәпсіні тежеп ұстаса, онда семіздікке бой алдырмауға әбден болады. Қасиетті ислам дініндегі отыз күн ораза ұстау, бес уақыт намазға жығылу да адамның пенделік құнарларының бірі – тағамға деген нәпсіні тиюға немесе бәсеңсітуге бағытталған...

● ТҮЙІН:

Қалай десек те, адамның денсаулығы үшін тиімді тамақтана білу өте маңызды. Тиімді тамақтану дегеніміз – құрамында түрлі қоректік заттардың толық мөлшері бар тамақпен азаны дұрыс, уақытылы қамтамасыз ету. Жақында американдық ғалымдар зерттеулер жүргізіп, өте жоғары температурада дайындалатын тағамдардың құрамынан адамның денсаулығына өте зиянды «акриламид» деген затты тапқан. Шаурма, донер-кебабтарға қоса гамбургер, хот-дог, гриль, поп-корн, чипсы, картоптан дасалған фри, қақталған шұжық секілді тағамдар өте жоғары температурада дайындалады. Дәл осы тағамдарды ұзақ күнделікті пайдалану салдарынан асқазан жарасы, созылмалы гастрит, өттің толуы, ұйқы безінің қабынуы, жүрек-қан тамыр аурулары, семіздік пайда болатыны, әсіресе ас қорыту жолдарына өте зиян екені анықталған. Сондықтан қалың көпшілік көшеде даярланатын тағамдарды өте абайлап жегені дұрыс. «Ауру – астан...» деген сөзі бекер айтылмаған. Денсаулығымызды сақтай білейік, ағайын!

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«Маған назар аудар»

Өтетін орны: Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.
Режиссері: Абдусайд Шайхисламұлы.
Күні мен уақыты: 3–8 наурыз, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.



Нұрболат Абдуллин Live Бэнд

Өтетін орны: Республика сарайы.
Әртістер: Нұрболат Абдуллин.
Тұрақ: Бар.
Ұзақтығы: 2 сағат.
Жас шектеулері: 7+.
Күні мен уақыты: 19 наурыз, 19.30.



«Este sakta, balakay!»

Өтетін орны: Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры.
Режиссер: Еркебұлан Қабдыл.
Инсценировка авторы: Назерке Құмарғалиева.
Тұрақ: Бар.
Күні мен уақыты: 9 наурыз, 12.00.

Әзірлеген
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

ДҮЙСЕНБІ
6 НАУРЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Алматы кеші
7.00 Жұлдызды такси (қайталау)
7.30 Мультфильмы
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Отыздан асып барамын» 20 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб. «Женщины на грани» 7-8 серия
17.15 Женский кино клуб. «Три в одном» 9 серия
18.00 Әзіл кеші
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 1 серия
21.00 Телехикая. «Няня. Бизнес по-киндарски» 6 серия
22.00 Мужской сериал. «Бригада» 8-9 серия
23.45 Телехикая. «Отыздан асып барамын» 21 серия
0.45 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.35 Шешімі бар
2.20 Өмір иірімі
3.00 Дала сазы
3.25 Алматы тұнған тарих
3.45 Алматинские истории
4.10 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Жат бауыр». Телехикая. (с субтитрами)
14.10 «Қызық екен...»
14.40 «Әйел әлемі»
15.10 «Arta». Сараптамалық бағдарлама.
16.00 «Aqorda»
16.10 «Айман & Шолпан» Телехикая. (с субтитрами)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Бірегей»
18.00 «МАХАББАТ ТҮТҚЫНЫ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «ЖАТ БАУЫР». Телехикая. (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 AQPAPAT
1.10 «Өмір көркем»
2.00 «Күй-керуен»
2.35 «Ауылдастар»
3.05 Өнұран

ХАБАР

- 05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.30 «Бір кітап»
10.35 Мультфильм. «Большой кошачий побег»
12.00 Телехикая. «Үкім»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Мегахит. «Опасный бизнес»

- 17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости.
18.15 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Үкім»
21.45 Телехикая. «Құсайыновтар. Өмір жолы»
22.45 Телесериал. «Когда-нибудь наступит завтра»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Ризамын
08.00 What's up?
08.30 Т/сериал «Пинокио»
09.40 «Күліп ALL»
10.00 Т/сериал «Листопад» (повтор)
10.50 «31 әзіл»
11.30 Т/сериал «Городские легенды»
12.30 Мультсериал «Маша и медведь»
13.00 КИНО. Джейсон Момоа в боевике «Дикий» (повтор)
15.00 КИНО. Кэмерон Диас в комедии «Очень плохая училка»
17.00 КИНО. Джерард Батлер в боевике «Охота на воров» (повтор)
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
21.50 КИНО. Томми Ли Джонс в фантастическом боевике «Вулкан»
00.10 «31 әзіл»
01.00 Үнді сериалы «Ануама»
01.40 What's up?
02.30 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.10 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7.00 «P@UTINA» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.45 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
11.30 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12.25 Александр Домогаров, Елена Дробышева, Сергей Газаров, Екатерина Маликова в многосерийном фильме «МОЯ ВТОРАЯ ПОЛОВИНКА»
13.15 «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ». Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Дмитрий Паламарчук в многосерийном фильме «ПОСЛЕДНЯЯ СТАТЬЯ ЖУРНАЛИСТА»
0.20 «НАЧАЛЬНИК РАЗВЕДКИ». Многосерийный фильм
1.20 Ночной кинотеатр. «КРАТКИЙ КУРС СЧАСТЛИВОЙ ЖИЗНИ»
2.20 «НОВОСТИ»
2.25 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.35 «KOREMIZ» бағдарламасы
3.25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.50 «P@UTINA» бағдарламасы
До 4.30

7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.20 Т/х «Әкесінің баласы»
07.20 Т/х «Сезім симптомдары»
08.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
09.00 Т/п «Гадалка»
09.30 Т/п «Измайловский парк»
12.00 Скетчком «Q-елі»
12.20 Т/х «Сезім симптомдары»
13.00 Т/х «Қызыл алма»
14.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/с «Обычная женщина»
16.00 Т/с «Женский доктор»
17.00 Т/с «Семейные узы» Премьера!
18.00 Т/с «Шуша»
20.00 Т/с «Я беру твою семью»
21.00 Т/х «Сәке»
21.35 Т/х «Қызыл алма»
22.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23.20 Т/х «Әкесінің баласы»
00.30 Т/с «Обычная женщина»
01.30 Келесі кім?
02.30 Т/п «Тамаша 7 км»
03.20 Т/х «Япырай»
03.50 Т/п «Жеңіп көр»
05.20 Т/п «Қуырдақ»

КТК

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07.30 «СҮЙГЕН ЖҮРЕК», корей телехикаясы Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ӨҮЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
10.00 «БЫЛО ДЕЛО»
10.50 «ВОЛК», остросюжетный детектив (худ.сериал) (повтор)
15.10 «ПОБОЧНЫЙ ЭФФЕКТ», мелодрама (худ.сериал) (повтор)
17.00 «АДАСКАН ҚЫЗ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
18.15 «ҚЫЛ ҮСТІНДЕГІ ТАҒДЫР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «ТЫ МЕНЯ НИКОГДА НЕ ЗАБУДЕШЬ», мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
23.40 «МАГИСТРАЛЬ», остросюжетный детектив. Премьера! (худ.сериал)
01.20 «ВОЛК», остросюжетный детектив (повтор) (худ.сериал)
02.05 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)
02.50 «ҚЫЛ ҮСТІНДЕГІ ТАҒДЫР», (қайталау)
03.50 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
04.10-
04.30 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Өнұран
07.05 «Кербез спортшылар сайысы». Арнайы репортаж
07.20 БАСКЕТБОЛ. ВТБ Лигасы. «Астана» – «Парма-Пари»
09.20 ТЕННИС. ЖУРНАЛ ТУРНИРА ITF W40. 3-выпуск

- 09.25 «PRO FOOTBALL». УЕФА Чемпиондар лигасы. Плей-офф
10.00 ТЕННИС. ITF W60. Тікелей эфир
12.00 ТЕННИС. ITF W60. Тікелей эфир
12.50 БИАТЛОН. Чемпионат Мира. Индивидуальная гонка. Юниоры. Женщины. Прямой эфир
14.50 «PRO HOCKEY». 2-выпуск
15.20 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
15.45 БИАТЛОН. Чемпионат Мира. Индивидуальная гонка. Юниоры. Мужчины. Прямой эфир
17.40 «Ұлттық спорттың ұландары». Арнайы репортаж
18.00 ТЕННИС. ЖУРНАЛ ТУРНИРА ITF W40. 3-выпуск
18.05 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық лига. (Әйелдер) 4 тур. «Қуаныш СК» – «Айқарақөз»
19.30 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарлама
20.00 ММА. OCTAGON 42
00.00 ФУТБОЛ. УЕФА Европа Лигасының журналы
00.50 Өнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
7.45 Анимация. «Сәби»
8.15 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
8.40 «Супер әке» Мультхикая.
9.00 «Қане, бізге қосыл!» ойын-сауықтық бағдарлама
9.10 «Қайсар автобус» Мультхикая.
9.25 «Miss Kaussar» танымдық бағдарлама
9.35 «Адал достар» Мультхикая.
10.05 «Турбозаврлар» Мультхикая.
10.20 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
10.45 «Отанға қызмет етемін!» танымдық реалити бағдарлама.
11.05 «Трансформерлер. құтқарушы боттар» Мультхикая.
11.30 Анимация. «Алтын кілт»
11.40 Анимация. «Сақалар»
12.00 Анимация. Отандық / «Әл-Фараби»
12.10 «Расулдың хикаялары» ситком.
12.25 Анимация. «Жібек»
12.40 «Тәжірибе алаңы» танымдық бағдарлама
12.45 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
14.00 «Қос алқа» музыкалық-танымдық бағдарлама
14.15 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
14.30 «Табиғат сақшылары» ситком.
14.50 Анимация. «Сәби»
15.25 «Қайсар автобус» Мультхикая.
15.40 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
16.05 «Әтеш Брустер» Мультхикая.
16.15 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
16.50 «Супер әке» Мультхикая.
17.15 «Тәуекел» спорттық бағдарлама
17.35 Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
17.55 «Расулдың хикаялары» ситком.

- 18.10 «Адал достар» Мультхикая.
18.35 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.00 «Турбозаврлар» Мультхикая.
19.15 Анимация. Отандық / «Жібек»
19.25 «Отанға қызмет етемін!» танымдық реалити бағдарлама.
19.50 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
20.20 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
20.45 «Табиғат сақшылары» ситком.
21.05 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
21.25 «Трансформерлер. құтқарушы боттар» Мультхикая.
21.50 Анимация. Отандық / «Алтын кілт»
22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Сақалар»
22.30 Анимация. Отандық / «Әл-Фараби»
22.40 Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
23.05 «Әтеш Брустер» Мультхикая.
23.30 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

- 06.00 «Сарай жауһары» корей телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Жұлдызды жекпе-жек» бағдарламасы
11.00 «Үздік әзілдер»
11.40 «Ұлым » түрік телехикаясы
13.40 «Қара шаңырақ» телехикаясы
15.40 «Практика 2» телесериал
17.55 «АШЫ ШЫНДЫҚ» тележоба
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.10 «Практика 2» телесериал
02.20 «Улыбка пересмешника» телесериал

TALIM TV TALIM TV

- 07.00 Views
08.10 Қышқыл мысқыл
09.00 Балалық шаққа саяхат
09.30 Проза параграфы
09.55 Сау болайық
10.10 Қалақай
10.30 Бабалар сөзі – өсиет
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ғибратты ғұмырлар
13.30 Абайдың жолы
14.10 Talim Speakers
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Үлкен үй-2» – телехикая
17.00 Сау болайық
17.10 Айтыс. Алтын қор
17.50 Dara til
18.20 Оңline
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет»
18.50 Сау болайық
19.00 Тәлім trend
19.35 Әжемнің әңгімесі
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
21.00 Ұлт саулығы
21.10 «Үлкен үй-2» – телехикая
22.10 Менің анам, әкем
22.30 Руханият
22.55 Views



СЕЙСЕНБІ 7 НАУРЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00	Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7.00	Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 1 серия
8.00	Мультфильм
11.30	Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00	Үздік әзілдер
14.00	Телехикая. «Отыздан асып барамын» 21 серия
15.00	Күндізгі жаңалықтар
15.15	Дневные новости
15.30	Женский кино клуб. «Женщины на грани» 9-10 серия
17.15	Женский кино клуб. «Три в одном» 10 серия
18.00	Әзіл кеші
19.00	Қорытынды жаңалықтар
19.30	Итоговые новости
20.00	Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 2 серия
21.00	Телехикая. «Няня. Бизнес по-кыздарски» 7 серия
22.00	Мужской сериал. «Бригада» 10-11 серия
23.45	Телехикая. «Отыздан асып барамын» 22 серия
0.45	Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.35	Шешімі бар
2.20	Өмір иірімі
3.00	Дала сазы
3.25	Алматы тұнған тарих
3.45	Алматинские истории
4.10	Әсем әуен
4.40	Алматы кеші
5.55	ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00	Әнұран
6.05	«Жәдігер»
6.25	AQPARAT
7.00	«TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00	AQPARAT
10.10	«Махаббат тұтқыны». Телехикая.
12.00	«ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00	AQPARAT
13.10	«Мәртебелі миссия». Арнайы жоба
13.25	«Асыл ана» Сәкен Майғазиевтің концерті
14.30	«Домалақ ана». Көркем фильм. (с субтитрами)
16.10	«ТАҒДЫР ТУДЫРҒАН ТҰЛҒА». Деректі фильм
17.00	AQPARAT
17.10	«Әйел әлемі». Мерекелік жоба
18.00	«МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая.
20.00	AQPARAT
20.35	«ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир
21.30	«ЖАТ БАУЫР». Телехикая. (с субтитрами)
22.30	«БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.20	«1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.40	AQPARAT
1.15	«Бірегей»
1.50	ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. 1/8 финал. «БЕНФИКА» (Португалия) – «БРЮГЕ» (Бельгия). Тікелей трансляция
3.55	Әнұран

ХАБАР

05.00	ҚР Өнұраны
05.00	«Қызық times»
06.00	«Жұлдызды жекпе-жек»
07.00	Тікелей эфирде «Оян!»
10.00	«Уәде»
10.30	«Одна книга»
10.35	Мультфильм. «Птичий Дозор»
12.00	Телехикая. «Үкім»
14.00	Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00	Телесериал. «Когда-нибудь наступит завтра»
17.00	Телевикторина. «Бегом за деньгами»

18.00	Новости.
18.15	Ток шоу. Итоги
19.00	Қорытынды жаңалықтар
19.15	Ток шоу. Біздің мақсат
20.00	Телехикая. «Үкім»
21.45	Телехикая. «Құсайыновтар. Өмір жолы»
22.45	Телесериал. «Когда-нибудь наступит завтра»
01.00	ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

05.58	ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00	Әзіл студия
07.10	Информбюро (повтор)
08.00	Ризамын
08.30	Т/сериал «Пинокио»
09.40	«Күліп ALL»
10.00	Т/сериал «Листопад» (повтор)
10.50	«31 әзіл»
11.30	Т/сериал «Городские легенды»
12.30	Мультсериал «Маша и медведь»
13.10	КИНО. Кэмерон Диас в комедии «Очень плохая училка» (повтор)
15.10	КИНО. Шон Уайанс в комедии «Белые цыпочки»
17.30	КИНО. Томми Ли Джонс в фантастическом боевике «Вулкан» (повтор)
20.00	Информбюро (рус/каз)
21.00	«Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
22.00	КИНО. Пенелопа Крус, Сальма Хайек в боевике «Бандитки»
23.50	«31 әзіл»
01.00	Үнді сериалы «Анупама»
01.40	What's up?
02.30	Әзіл студия
03.50	1001 Әзіл
04.00	BALA BATLLE
04.30	What's up?
05.00	Ризамын



ЕВРАЗИЯ

6.00	«ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7.00	«П@УТИНА» бағдарламасы
8.00	«ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00	«ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00	«ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.45	«НА САМОМ ДЕЛЕ»
11.30	«МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12.25	Александр Домогаров, Елена Дробышева, Сергей Газаров, Екатерина Маликова в многосерийном фильме «МОЯ ВТОРАЯ ПОЛОВИНКА»
13.15	«ТАТЬЯНИН ДЕНЬ». Многосерийный фильм
14.10	«НОВОСТИ»
14.20	«ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30	«QOSLIKE» бағдарламасы
18.30	«БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00	«KÖREMİZ» бағдарламасы
20.00	«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35	Дмитрий Паламарчук в многосерийном фильме «ПОСЛЕДНЯЯ СТАТЬЯ ЖУРНАЛИСТА»
0.20	«НАЧАЛЬНИК РАЗВЕДКИ». Многосерийный фильм
1.20	Ночной кинотеатр. «КРАТКИЙ КУРС СЧАСТЛИВОЙ ЖИЗНИ»
2.20	«НОВОСТИ»
2.25	«ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.35	«KÖREMİZ» бағдарламасы
3.25	«БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.50	«П@УТИНА» бағдарламасы
До	4.30



7-КАНАЛ

06.00	Т/п «Қуырдақ»
06.20	Т/х «Әкесінің баласы»
07.20	Т/х «Сезім симптомдары»
08.00	Т/х «Мезгілсіз сезім»
09.00	Т/с «Шуша»

11.00	Т/с «Я заберу твою семью»
12.00	Скетчком «Q-елі»
12.20	Т/х «Сезім симптомдары»
13.00	Т/х «Қызыл алма»
14.00	Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00	Т/с «Обычная женщина»
16.00	Т/с «Женский доктор»
17.00	Т/с «Семейные узы» Премьера!
18.00	Т/с «Шуша»
20.00	Т/с «Я заберу твою семью»
21.00	Т/х «Сәке»
21.35	Т/х «Қызыл алма»
22.30	Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23.20	Т/х «Әкесінің баласы»
00.30	Т/с «Обычная женщина»
01.30	Келесі кім?
02.30	Т/п «Тамаша 7 км»
03.20	Т/х «Япырай»
03.50	Т/п «Жеңіп көр»
05.20	Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00	ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05	КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30	«СҮЙГЕН ЖҮРЕК», корей телехикаясы Тұсаукесер!
08.00	С субтитрами на русском «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.20	ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10.00	«БЫЛО ДЕЛО»
10.40	«ВОЛК», остросюжетный детектив (худ.сериал)
13.00	«МАГИСТРАЛЬ», остросюжетный боевик (повтор) (худ.сериал)
15.00	«ТЫ МЕНЯ НИКОГДА НЕ ЗАБУДЕШЬ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
17.00	«АДАСҚАН ҚЫЗ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
18.15	«ҚЫЛ ҮСТІНДЕГІ ТАҒДЫР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер!
19.30	С субтитрами на русском КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00	«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00	ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30	«ТЫ МЕНЯ НИКОГДА НЕ ЗАБУДЕШЬ», мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
23.40	«МАГИСТРАЛЬ», остросюжетный детектив. Премьера! (худ.сериал)
01.20	«ВОЛК», остросюжетный детектив (повтор) (худ.сериал)
02.05	«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)
02.50	«ҚЫЛ ҮСТІНДЕГІ ТАҒДЫР», (қайталау)
03.50	КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
04.10-	
04.30	«КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы

QAZSPORT KAZSPORT

07.00	Әнұран
07.05	«Ел дзюдосының ертеңі анықталды». Арнайы репортаж
07.25	ТЕННИС. ЖУРНАЛ ТУРНИРА ITF W40. 3-выпуск
07.30	КОНЬКОБЕЖНЫЙ СПОРТ. Чемпионат Мира. Мужчины. Женщины.
08.30	КОНЬКОБЕЖНЫЙ СПОРТ. Чемпионат Мира. Мужчины 1000 м
09.00	КОНЬКОБЕЖНЫЙ СПОРТ. Чемпионат Мира. Женщины 1000 м
09.30	«SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарлама
10.00	ТЕННИС. ITF W60. Тікелей эфир
12.00	ТЕННИС. ITF W60. Тікелей эфир
12.50	БИАТЛОН. Чемпионат Мира. Эстафета. Юноши. Женщины. Прямой эфир
14.50	«PRO HOCKEY». 2-шығарылым

15.20	«SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарлама
15.50	БИАТЛОН. Чемпионат Мира. Эстафета. Юноши. Мужчины. Прямой эфир
17.45	ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. (Әйелдер) 4 тур. «Куаныш» – «Ертіс»
19.00	ТЕННИС. ЖУРНАЛ ТУРНИРА ITF W40. 3-выпуск
19.05	ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының журналы
20.00	ММА. «ALASH PRIDE 80»
23.00	«СҰХБАТ». 1 выпуск. Болат Жұмаділов
23.35	ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. 1/8 финал. «Лацио» (Италия) – «АЗ Алкмаар» (Нидерланды). Тікелей эфир
01.35	«Ұлттық спорттың ұландары». Арнайы репортаж
01.50	ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. 1/8 финал. «Челси» (Англия) «Боруссия Д» (Германия) Тікелей эфир
03.50	Әнұран

balapan BALAPAN

7.00	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05	Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
7.15	Анимация. Отандық / «Еркетай»
7.45	Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
8.15	«Көк орманның еркелері» Мультхикая.
8.40	«Пәдди – сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
9.00	«Қане, бізге қосыл!» ойын-сауықтық бағдарлама
9.10	«Қайсар автобус» Мультхикая.
9.25	Анимация. Отандық «Күшті көліктер»
9.35	«Адал достар» Мультхикая.
10.05	«Турбозаврлар» Мультхикая.
10.20	«Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
10.45	«Еңбек-ермек» танымдық бағдарлама.
10.55	«Жан-жануарлар әлемі» танымдық бағдарлама
11.05	«Трансформерлер. құтқарушы боттар» Мультхикая.
11.30	Анимация. Отандық / «Бозторғай»
11.40	Анимация. Отандық / «Сақалар»
12.00	Анимация. Отандық / «Әл-фараби»
12.10	«Расулдың хикаялары» ситком.
12.25	Анимация. Отандық / «Жібек»
12.40	«Тәжірибе алаңы» танымдық бағдарлама
12.45	«Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
13.00	Тікелей эфир «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35	«Қырық төрт мысық» Мультхикая.
14.00	«Үйрен де, жирен!» танымдық бағдарлама
14.15	Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
14.30	«Табиғат сақшылары» ситком.
14.50	Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
15.25	«Қайсар автобус» Мультхикая.
15.40	Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
16.05	«Әтеш Брустер» Мультхикая.
16.15	Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
16.25	Анимация. «Еркетай»
16.50	«Пәдди – сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
17.15	«Тәуекел» спорттық бағдарлама

17.35	Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
17.55	«Этикет әлемі» танымдық бағдарлама
18.10	«Адал достар» Мультхикая.
18.35	«Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.00	«Турбозаврлар» Мультхикая.
19.15	Анимация. Отандық / «Жібек»
19.25	«Еңбек-ермек» танымдық бағдарлама.
19.35	«Жан-жануарлар әлемі» танымдық бағдарлама
19.50	«Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
20.20	«Қырық төрт мысық» Мультхикая.
20.45	«Табиғат сақшылары» ситком.
21.05	«Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
21.25	«Трансформерлер. құтқарушы боттар» Мультхикая.
21.50	Анимация. Отандық / «Бозторғай»
22.00	«Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15	Анимация. Отандық / «Сақалар»
22.30	Анимация. Отандық / «Әл-фараби»
22.40	Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
23.05	«Әтеш Брустер» Мультхикая.
23.30	Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
23.55	«Бесік жыры» – Өнұран
0.00	Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

06.00	«Сарай жауһары» корей телехикаясы
07.00	«Маша и медведь» Мультфильм
09.00	«АШЫ ШЫНДЫҚ» тележоба
11.20	«Үздік әзілдер»
11.40	«Ұлым» түрік телехикаясы
13.40	«Қара шаңырақ» телехикаясы
- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
7.40 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»

- 7.50 Анимация. Отандық / «Пырақтар»
8.15 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
8.40 Анимация. Отандық / «Еркелер»
8.55 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
9.05 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
9.30 «Зузудың достары» Мультхикая.
9.55 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
10.05 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық / «Бөпе»
10.45 «Құпия кітап» ситком.
11.10 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
11.20 «Винкстер клубы» Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
11.55 «Анаммен бірге/әкеммен бірге» танымдық бағдарлама.
12.00 Анимация. Отандық / «Тотықұстар»
12.15 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
12.35 «Аға болғым келеді!» ситком.
12.50 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
13.15 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
13.30 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
13.55 Анимация. Отандық / «Еркелер»
14.10 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
14.40 Анимация. Отандық / «Томпи»
15.00 Анимация. Отандық / «Ежелгі қалаларға саяхат»
15.10 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
15.30 Анимация. Отандық / «Пырақтар»
15.55 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
16.10 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
16.35 «Зузудың достары» Мультхикая.
16.50 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
17.00 Анимация. «Дүлдүл»
17.10 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
17.20 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
17.50 «Аға болғым келеді!» ситком.
18.05 «Анаммен бірге/әкеммен бірге» танымдық бағдарлама.
18.15 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
18.30 Анимация. «Бұзығым»
19.00 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
19.30 «Этикет әлемі» танымдық бағдарлама
19.45 Анимация. «Тотықұстар»
19.55 «Қонжық Расмус» Мультхикая.

- 20.25 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
20.45 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
21.15 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
21.35 «Винкстер клубы» Мультхикая.
22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Ежелгі қалаларға саяхат»
22.30 «Құпия кітап» ситком.
22.55 Анимация. Отандық / «Томпи»
23.15 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
23.25 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
23.45 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

- 06.00 «Сарай жаунары» корей телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Улыбка пересмешника» телесериал
12.00 «Бизнес по-казахски в Корее» Х/ф
14.10 «Алдараспан»
18.00 «Жаңа мести» Индийское кино
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.10 «Келинка тоже человек» Х/ф
02.10 «Көру керек!» бағдарламасы




TALIM TV

- 07.00 Views
08.10 Өнер қырандары
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 Саморазвитие с Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30 Балалар сөзі – өсиет
11.00 Руханият
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Қазақ спортының классикасы
13.30 Автопортрет
14.10 Фибратты ғұмырлар
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Бір дубль
17.00 Сау болайық
17.10 Капля добра в пустыне – 1-часть
18.00 Капля добра в пустыне – 2-часть
18.50 Сау болайық
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
20.40 Пруст сауалнамасы
21.00 Ұлт саулығы
21.20 YouTube Times
22.40 Сырласайық
22.55 Views

«КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ» КОНЦЕРТІ.
«ҚАЗАҚСТАН» арнасы. Сағат 8.40-та.



АБЗАЛДЫҚ ӘЛІППЕСІ



ДАНАЛЫҚ ОЙДАН ДӘН ІЗДЕ...

«МҮМИН БОЛСАҢ, ӘУЕЛІ ИМАНДЫ БОЛ»

Абай атамның қара сөздерінің бірінде: «Ақылды адамға иман парыз, иманды адамға құлшылық парыз» деуінде де терең мазмұн жатыр. Айналамыздағы жаратылыс деген алып кітапты ақыл көзімен оқып, Алланың шексіз шеберлігін ұғына білген адам иманға келеді.

Қыстыгүні қар астында қалып, өлім құшағына енген тіршілік иелерінің көктем шыға денелеріне жан бітіп, қайта тірілуі өлгеннен кейін өмір бар екендігінің қисынды дәлелі. Сондай-ақ, ешбір нұқсансыз, нәзік дәлдікпен жаратылған ғаламдағы үйлесімділікті көре білу де Алланың бар екендігін мойындатады. Осыларды ақылмен зерделей білген жан иманның дәмін сезеді. Бізді қоршаған алып ғаламның Жаратушысы бар екенін, оның адам баласын тектен-текке жаратпағанын, айналадағы барша жаратылыс өз тілінде Алланың бар екендігін паш етіп тұрғанын түсіну өте маңызды. Осылардың бәрін ескерген хакім Абай: «Мүмин болсаң, әуелі иманды бол, Пендеге иман өзі ашады жол» деп жырлайды. Ал жүрегіне иман нұры орнықтаған адамға садақ пен зекеттің мәнін түсіндіріп жатпайсыз. Ұлы ақын осы жайлы да тағы бір өлеңінде: «Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай, сыртын қанша жуса да, іші оңбаған», – дейді.

Негізінде, ақырет жайлы айқын иманы бар адам Алла жолындағы жақсылықтарын ешкімнің нұсқауынсыз-ақ атқара бермек. Қасиетті Құран Кәрімнің көптеген аяттарында «иман келтіріп, ізгі амал жасағандар» деп ретімен айтылса, хадис шәріптердің бірінде Исламның бес негізден құралатынын, олардың көш басында Аллаға және пайғамбарымызға иман ету тұратынын айтылған. Байқап қарасақ, аятта да, хадисте де алдымен иман, содан соң өзге жақсы істер аталған...

Әрине, намаздың өте маңыздысы құлшылық екені ақиқат. Бірақ иманның шарттары толық қабылданбай, ешбір ғибадат өз орнын таппайтынын естен шығармауымыз керек. Өйткені, иман бізді жоқтан бар еткен, ақыл-сана сыйлаған ұлы Жаратушымызға басыбайлы беріліп, бойысыну және Алланың сүйікті елшісі, екі дүниенің мырзасы, ардақты Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) үмбет болып соңынан еру дегенді білдіреді. Міне, сондықтан таразының бір басына иманды, екінші жағына бүкіл дүниені қойса, сөзсіз иман басым түседі. Бір адамның иманмен қауышуы жер бетіндегі бар жақсылықтан қайырлы болуы да осыдан. «Лә илһә илләллаһ, Мухаммадур расулуллаһ» деген кәлимада осындай қуат бар.

Адам баласы өте білімді болар, жақсылықты да бір кісідей істер, алайда жүрегіне иман ұяламаса, оның пайдасы тек осы дүниеде ғана. Осыны ескерген Абай атамның тағы бір шумағында: «Істің басы – ретін танымақтық, иман білмес тағатты қабыл демен», – деп тағы да мәселенің ең тереңін қаузады.

Жинақтай келе айтарымыз, Ислам талабы бойынша, әрбір мұсылман Алланың хақ және жалғыз екеніне, Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға, яғни жақсы мен жаманның бір Алладан екеніне, өлгеннен кейін қайта тірілуге сенуі парыз. Хакім Абайдың «Мүмин болсаң, әуелі иманды бол» деген даналығының астарында осы ақиқаттың дәні жатыр.

Мұсылмандық жолдың бастауы – иман. Кісінің салиқалы істері одан кейінгі кезекте. Алайда, бүгіндері мұсылмандықты ең әуелі намаз оқумен ғана байланыстыратын адамдар аз емес. Бірақ Алланың бар және бір екендігіне толық илана алмай тұрған адам намазды қайдан оқысын? Біреулердің қыстағанымен оқыған күнде де көп кешікпей тастап кетпесіне кім кепіл? «Бейнамаздан кей намаз жаман» деген мәтел сонда көрінеді. Ал ақырет жайлы хабары жоқ адамға жәннат, тозақ жайлы не айтасыз? «Тозаққа түссек, түсеміз, қайтеміз енді» дегендерге не дейсіз? Ақыретке деген мықты иман болмаса, жұмақ пен тамұқ жайлы ақиқат баяғының ертегісіндей көрінеді. Мәселен, кей ақындардың өлеңдерінде хор қыздары ертегі кейіпкерлеріндей суреттелмеуші ме еді?

Кейде мұсылманмын деп жүрген адамның өзі басына түскен түрлі жағдайларды Алладан деп емес, өзі секілді адамдардың ісі деп біледі. Сондай-ақ, өлім бар екенін біліп тұрып, ешқашан өлмейтіндей өмір сүреді. Бұлардың бәрі, сайып келгенде, иман жайлы білімнің таяздығынан. Сондықтан Аллаға иман келтіріп, толық бойұсынбаған адамдарға мардымды ештеңе түсіндіре алмасымыз хақ. Ендеше, мұсылмандықтың бүкіл ісін иманнан бастауымыз керек.

Ниет тазалығы – имандылық мұраты



НИЕТТІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Абай атамның отыз жетінші қара сөзінде: «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» деп асыл дініміздегі өте маңызды бір мәселені қозғайды. Байқап қарасақ, мұнда істі бастау адамшылықпен байланыстырылған. Шынында да, кез келген адамның, қоғамның немесе мемлекеттің қолға алған бастамаларынан көп нәрсені аңғаруға болады.

Бүгінгі қоғамда қолға алынып жатқан бастамалар өте көп. Кез келген бастама ә дегенде адамдарды түрлі үміттің, армандардың, тәтті қиялдардың жетегіне жетелейтіні рас.

Айналамызға көз жүгіртсек, әркім бір бастаманың қиялымен күн кешуде. Қайда қарасақ та, «мынадай бір іс жасайын деп едім», «пәлендей бір бастаманы қолға алған едім» деген адамдарды көреміз. Бірақ сол бастамалардың көпшілігі тәтті түстің бел ортасына келгенде үзіліп кеткеніндей, орган

белде нәтижесіз аяқталып жатады. Осының себебі мен сыры неде? Ислам ақиқаты тұрғысынан осы жайлы аз-кем әңгіме қозғамақпыз.

КӨКІРЕК ТАЗА БОЛСА...

Адам кез келген істі белгілі бір нәтижеге қол жеткізетін деп жасайды. Бірақ әркімнің бір істі бастардағы ниеті, тілегі, мақсаты бірдей емес. Біреулер мұндайда қарақан басының қамын, енді біреу отбасының күйбеңін ойлайды. «Ақсұңқар ұшар жемі үшін, туады ерлер елі үшін» дегендей, үшінші бір топ адамдар елдік мүддені көксейді. Ендігі бір топ кісілер екі дүниенің, екі әлемнің бақытын тілеп іс қылады. Әрине, адамдардың біліміне, өмірлік ұстанымдарына, рухани деңгейіне қарай мақсат-ниеттер де өзгере береді. Мысалы, Бұхар жыраудың толғаулары мен қатардағы ақынның өлеңдеріндегі ниет бір емес. Біреуі мың жылдықты, екіншісі бір жылдықты ойлауы мүмкін. Қысқасы, әр істің басталуында сан мың түрлі ниет жатады. Ардақты пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осы ақиқатты мына бір хадисінде бір-ақ ауыз сөзбен түйіп берген: «Шындығында, бүкіл іс ниетпен жасалады. Сондай-ақ, әрбір адамға ниетіне қарай амалының қарымы беріледі». Демек, ешбір амал ниетсіз басталмайды. Кез келген бастаманың жақсы-жаманы, адал-арамы, белгілі бір ниеті болады. Сол ниетке қарай, ертең Алла Тағаланың алдына барғанда амалдың қарымтасы беріледі. Осыларға ой жүгірткенде, Абай атамның жоғарыдағы даналығына таңқалмасқа лаж жоқ.

Артына мол ұлағат қалдырған қазақтың кешегі би-шешендері де тірліктің мәнін ақ пейіл, адал ниетпен асастырып түсіндірген. Мысалы, Үмбетей жырау Тілеуұлы: «Сырт тазасы не керек, тазарт әуел ішінді» деп жүрек пен рух тазалығына шақырады. Ал Ізбасты шешеннен: «Көкірек таза болмаса, көз тазасы не керек, ниетің таза болмаса, тіл тазасы не керек» деген де сөз қалған.

Иә, кісі қай салада жұмыс істесе де, бәрінен бұрын ниеттің шынайылығы маңызды. Әрине, жоғарыда келтірілген хадисте айтылғандай, әркім өзінің ниетіне қарай жетістікке жетеді. Ешбір істің қиындықсыз бітпейтінін білеміз. Үлкен жетістік тек қиындық арқылы ғана келеді. Адамның жаны да, тәні де қиындық көре шынығады, кемеліне келеді. Ал қиындықты жеңудің бір жолы – үміт ету. Ол да өз кезегінде иманмен байланысты. Иманға толы жүрекке үміт қосылса, қолға алынған бастамаларға қанат бітеді. Бүгінгі қоғамда жасалып жатқан істерге қарағанда, басынан қолға алынып атқарылуы тиіс істер әлдеқайда көбірек әрі маңыздырақ секілді. Мәселен, жастар тәрбиесін бүгіннен бастап, жүйелі, жоспарлы түрде, шын ықылас, таза ниетпен қолға алмасақ, ертеңгі ұрпақтың өмірінде көптеген қиындықтар орын алады. Бүгін жастарға иман, ұят, мейірім, ар-намысты сіндірмесек, күні ертең азғын ұрпақ өсірген ел атанамыз.

Біздің қазақ сұрапыл сынның небір түрін көрген ел. Бірақ өмір бойы арым жанымның садағасы деп келген. «Ақтабан шұбырындыдай» қырғын заманның өзінде «Ұғып ал мына сөзді миы барын, Жаратқан Алла болсын сыйынарын» деп Аллаға деген тура жолдан айнымады. Ендеше, бүгінгі естияр азаматтардың да «бісіміл» деп қолға алатын бастамасы ұрпақ тәрбиесі болғаны жөн.

Асылбек ӘУЕЗХАНҰЛЫ.
(Жалғасы бар)



ТҰЛҒАТАНУ

Алматы мұражайының қоры тағы бір құнды жәдігермен толықты. Қазақ телевизиясының 65 жылдығы аясында Нұртілеу Иманғалиұлын еске алуға арналған «Бай-қуатты болайық!» атты іс шара өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Қазақ мәдениеті мен тарихының рухани жаршысы, ұнпарағы болған Қазақ телевизиясына биыл 65 жыл толады. Осынау жылдар ішінде бұл сала қаншама ұрпақты тәрбиеледі. Сонау 1958 жылдың 8 наурызында Қазақ телевизиясының қара шаңырағы құрылып, Алматы студиясында алғашқы хабар таратылған еді. Ақпарат арналарының бастауы болған бұл телевизия сол заманға сай дәуір тынысын дәл басқан қуатты құрал болған еді. Қазақ телевизиясының тарихы тереңде жатыр. Алғашқы мектептің қалыптасуында дикторлар, тележурналистер мен сала қызметкерлерінің жанкешті еңбегі жатыр. Сондай белгілі тұлғалардың бірі, телевизияның тарланы, журналист – Нұртілеу Иманғалиұлы.

Нұртілеу Иманғалиұлы өзінің еңбек жолын телевизиядан бастады. Телеарнадағы алғашқы хабарын 28 панфиловшылардың бірі, Кеңес Одағының Батыры Нарсұтбай Есеболатовқа арнады. Ұзақ жылдар телеарнадағы Жастар редакциясын басқарды. Жас маман ретінде келіп, өз өмірінің жарты ғасырға жуық ғұмырын осы салаға арнады.

«БАЙ-ҚУАТТЫ БОЛАЙЫҚ!»



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Нұртілеу Иманғалиұлы халық жадында телеарнадағы көрермен көзайымына айналған терең де мәнді, мағыналы бағдарламаларымен, салмақты да, саликалы ой-пікірлерімен елдің жүрегінен мәңгі орын алған журналист-иканың нағыз «қара нары».

Өзі кетсе де, соңында «көзі» қалды. Қазақ телевизиясының алтын қорында Нұртілеу Иманғалиұлының 4500-ден астам хабар-

лары «Жас жігер», «Көзқарас», «Айна», «Заң мен заман», «Ақиқат пен аңыз», «Дидар», «Көкпар», «Дін мен діл», «Дінгек», «Нұртілеу», «Құрдастар», «Жастар дауысы», «Арай», «Алтыбақан», «Бетпе-бет», «Қолтаңба», т.б. көптеген авторлық бағдарламалары қалды.

Жылдар бойғы қажырлы еңбегінің арқасында, Нұртілеу Иманғалиұлы Қазақстанның

құрметті журналисі, Қазақстан Журналистер одағының екі мәрте лауреаты, Алматы облысы және Ақсу ауданының «Құрметті азаматы», Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының «Мәртебелі профессоры», Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Алтын Жұлдыз» сыйлығының және «Парасат» орденінің иегері атанды.

Өткен жылы жұбайы Қарлығаш Советбекқызының бастамасымен республика көлемінде Нұртілеу Иманғалиұлының 70 жылдығына арналған «Бай-қуатты болайық!» атты көрмелер өтті. Ол Арқа төсіндегі Астанамыздан бастау алып, Алматы, Шымкент, Атырау, Ақтау, Семей қалаларының мұражайларында, туған жері Жетісуда ұйымдастырылып, кең көлемде атап өтілді. Көрмеге Нұртілеу Иманғалиұлының жеке құжаттары мен жұмыс үстеліндегі бұйымдары, мемлекеттік және мерекелік наградалары, спорттық киімдері мен қанжар, қамшы, домбыра сынды 200-ге тарта заттары қойылған болатын.

Қарлығаш Советбекқызы Алматы мұражайына Нұртілеу Иманғалиұлының эфирде киген ұлттық үлгідегі киімдерін, өзі тұтыған жеке заттарын, кітаптарын, фотосуреттері мен қолжазбаларын тапсырды. Қолжазбалар арасында туған жерге, ата-анаға, жастық шақ, Ібіліс пен құбылыс туралы бір-қатар өлеңдері де бар.

Іс-шара барысында Нұртілеу Иманғалиұлының әріптестері мен шәкірттері Қайнар Олжай, Фатима Бегенбаева, Ботагөз Исмаил, Жарқын Өтеш, Гүлмария Барманбекова Нұртілеу Иманғалиұлы жайында естеліктер айтып, сағыныштарын бөлісті.

КОНЦЕРТ

Алғысым саған,
Қазақстан!

Алматыда Алғыс айту күніне орай концерт өтті

Кеше Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында «Алғысым саған, Қазақстан!» атты Алғыс айту күніне орай концерт өтті. Көктемнің алғашқы жаймашуақ күні Алатаудың баурайындағы әсем қала ән мен жырға бөленді.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматы қаласы Мәдениет басқармасы ұйымдастырған іс-шараның жүргізушілері – Майя Веронская және Ильяс Ибраимов. Концертте көпұлтты артистер құрамы және эстрада жұлдыздары Отан,

бірлік және ұлттық құндылықтар туралы әндерін орындады. Кеш шымылдығын «Рахмет саған, Туған Ел!» әні негізінде құрастырылған театрландырылған музыкалық қойылым ашты. Прологында Роман Ким, Muzart Life, «Жас сахна» театрының актерлері және балалар хоры өнер көрсетті. Сонымен қатар, Бүркіт пен Аиша, Бейбіт Қошқалиев, «Дервиши», «101», «Urker», «Ситора Назарова», «ОрыSTAR Show» және тағы да басқа топтар ән шырық, көрерменнің көңілін көтерді. «Жас сахна» театры артистерінің қатысуымен мерекенің негізгі мағынасын ашатын «Бірлігіміз – байлығымыз» атты миниатюра ұсынылды.

Мерекелік концерттің соңында Бейбіт Қошқалиев «Елім деп соқсын жүрегің» атты әнін орындады.

Қазақстандағы Алғыс айту күні – Қазақстан халқының өзара көмегі мен бірлігінің бейнесі. Бұл күні Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтары шығармашылық кештерді, концерттер мен театрландырылған қойылымдарды, мерекелік және мәдени іс-шараларды тамашалап, бір серпіліп қалды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

СТУДЕНТТІК ТЕАТР

«Шыңға» шығар жастар бар...



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Досбол
АТАЖАН

Алматыда жаңа «Шың» студенттік театрының ашылу салтанаты өтті. Театр Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Өнер, мәдениет және спорт институты жанындағы өнерге ұмтылған студент-жастардың бастамасымен ұйымдастырылып отыр.

Өнер, мәдениет және спорт институты директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлжазира Ахметова «Шың» театры студенттердің бастамасымен құрылғанын айтады.

– Былтыр бізде қоғам арасындағы әлеуметтік мәселелерді көтеру мақсатында фестиваль ұйымдастырылды. Сол кезде студенттер қойылым қойып, ары қарай өздерінің ынтымағымен театр ашуды ұйғарған еді. Өткен күзде елордамыз Астанада өткен фестивальге барып келдік. Енді өнердің шыңына шығайық деген мақсатпен «Шың» атанған студенттер театрының ашылуына барыныша қолдау танытып жатырмыз, – деді.

Г.Ахметова «Сәби болғым келеді» қойылымы қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді көтеруге бағытталып, сценарийін оқу ордасы-

ның былтырғы түлегі Жұлдызай Мұхтардың жазғанын айтады.

– Жалпы, қойылымды сомдаған жастардың барлығы актерлік шеберлік курсынан дәріс алмаса да, ынталары өте жоғары. Декорациясын, сахналық киім үлгілерін студенттердің өздері дайындады. Спектакльдің айтар оңы анық – жастар арасында белең алып бара жатқан нашақорлық, жеңіл жүріске түсу сынды қоғамға жат өзекті мәселелерді көтеріп отыр, – деді Г.Ахметова.

Ал Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Өнер, мәдениет және спорт институтының 3-курс студенті, «Шың» театрының режиссері Айгерім Дәулет театрдың осы бір ғана қойылыммен тоқтап қалмай, басқа да спектакльдерді қоюды жоспарлап отырғанын айтады.

– Біздің театр – негізінен әлеуметтік тақырыптарды қозғайды. Студенттер қоғамның әртүрлі тақырыптарын еркін айта алатын халық қой. Сол себепті, өзіміз, студенттер болып қоғамның басқа театрларда көрсетпейтін тұстарын көрсеткіміз келеді. «Сәби болғым келеді» қойылымы бір адамның өмірі арқылы өмірде күнделікті орын алатын жемқорлық, алдау-арбау сынды өткір проблемаларды көтереді. Баспана тұрғызбас бұрын оның іргетасының мықтылығы қаншалықты маңызды болса, сәби кезінен балаға жылылық пен жақсы тәрбиенің соншалықты маңызды екенін жеткізгіміз келеді. Сонымен қатар, «Бір дәурен бозбалалық» атты студенттеріміздің жазған спектаклі бар. Сәтін салса, келесі аптада сахналасақ па деп отырмыз, – дейді Айгерім Дәулет.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 27 ақпандағы №1/1-148 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 16 мамырдағы №5/19 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сайын көшесін ұзарту үшін Алматы қаласының Алатау ауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ				
Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 27 ақпандағы №1/1-148 қаулысына қосымша				
Мәжбүрлеп иеліктен шығаруға жататын жер учаскелерінің тізбесі				
Р/с	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Болатжан Ұмар Мұратұлы	20-321-029-039	«Алтын Алма» бағбандық қоғамы, 9 учаске	0,0700
2	Рогожникова Людмила Болеславовна	20-321-029-040	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 3	0,0700
3	Варфоломеева Татьяна Леонидовна	20-321-029-047	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 5	0,0700
4	Курбанов Анархан	20-321-029-055	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 15	0,0700
5	Тынышбеков Ербол Тынышбекович	20-321-029-056	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 17 учаске	0,0700
6	Седых Евгений Васильевич	20-321-029-057	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 1 учаске	0,0972
7	Дьякова Валентина Трофимовна	20-321-029-058	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 7	0,0700
8	Баизакова Казиза Нусипбековна	20-321-029-066	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 13	0,0700
9	Федорова Ольга Владимировна, Федоров Александр Игоревич	20-321-030-435	«Көк-Өзек» тұтыну кооперативі, 40/1 учаске	жалпы - 2,7535 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0084
10	Парчукова Ирина Владимировна, Парчуков Андрей Викторович	20-321-072-060	«Көк-Өзек» тұтыну кооперативі, 1162 учаске	жалпы - 1,6580 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,1245
11	Қонарбаева Гүлназ Қонарбайқызы	20-321-072-259	«Алтын Алма» бағбандық қоғамы, 16	0,0700
12	Орел Людмила Ивановна	20-321-072-260	«Алтын Алма» бағбандық қоғамы, 41 учаске	жалпы - 0,0700 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0104
13	Ізімбаева Тамара	20-321-072-641	«Алтын Алма» бағбандық қоғамы, 18	0,0700
14	Сағынбаев Иса Имамбайұлы	20-321-072-1030	«Алтын Алма» бағбандық қоғамы, 8	0,0700

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

15	Ақтыбаев Калыбек Карибекович	20-321-072-1049	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 14	0,0700
16	Иманбаев Елемес Джакизович, Иманбаева Нурзия Охатовна	20-321-072-1192	«Алтын Алма» бағбандық қоғамы, 46	0,0700
17	Байжуманова Нургатипа	20-321-072-1289	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 10	0,0700
18	Акимова Асемкуль Эркиновна, Акимов Ықтияр Жорабаевич	20-321-072-1384	«Алтын Алма» бағбандық қоғамы, 2	0,0700
19	Лаврентьев Георгий Николаевич	20-321-072-1606	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 2	0,0700
20	Гревцова Александра Анатольевна	20-321-072-2216	«Алтын Алма» бағбандық серіктестігі, 4	0,0700

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 27 ақпандағы №1/1-149 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 10 қазандағы №11 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдаланушыдағы объект (сайбақ) құрылысы үшін «МОНОЛИТ» Өндірістік-коммерциялық компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласының Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» шағынауданы, Қазыбек Тауасарұлы көшесі, 49/1 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,4630 га (кадастрлық нөмірі 20-313-055-746) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі (жер пайдаланушы) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін (жер пайдаланушыны) ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне (жер пайдаланушыға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ	
Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 27 ақпандағы №1/1-150 қаулысы	
Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы	
Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 қарашадағы №13 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:	
1. Ортақ пайдаланушыдағы жол құрылысы (реконструкциясы) үшін Раушан Абдухаметовна Ақылжанованың Алматы қаласының Наурызбай ауданындағы «Шұғыла» шағынауданы, Дикан көшесі, 29/7 үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-322-008-693), жалпы ауданы 0,6013 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.	
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.	
3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.	
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.	
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:	
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;	
2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;	
3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.	
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.	
Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ	

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Alatay Aqparat» ЖШС ұжымы «Almaty aqshamy» газетінің бұрынғы қызметкері, белгілі журналист, қазақ журналистикасының ардагері

Қыдырәлі ҚОЙТАЙДЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАБЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-56, e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

НАУРЫЗ БОСАҒАДАН АТТАДЫ

Енді жер көгереді, өріс кеңейеді, дала жасанады, қала жасарады

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Самарқанның көк тасы еритін,
бар атырап бусанып, мұз
құрсанған жер төсі иіп, самал
жел елдің бетінен сүйіп,
жұртшылық көк көже мен көп
көжеге қарқ болатын,
арулардың құшағы гүлге, жаны
нұрға толатын жылдың басы
осы кез...

Осы айдың еншісінде бірқатар саяси, діни шаралар да бар. Айдың ортасына таяу, 14 наурызда – Көрісу мерекесі. Бұл жылдың басын қарсы алудың ежелден келе жатқан дәстүрлі мейрамы. Қазақтың табиғат тамыр-шылары нақ осы күні ескі жыл бітіп, жаңа жыл табиғат сахнасы төрінен орын алатынын анықтаған. Айдың 19-ына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын сайлау күні. Айдың 22-сіне – Наурыз мересі. 23-іне мұсылманның ұлық мерекелерінің бірі – қасиетті Рамазан айы басталады. Мұсылман біткен ауыз бекітіп, ораза ұстайды.

Мына қызыққа назар аударыңыз. Осы айдың 15-іне аспанда да ауыс-түйіс орын алады екен. Жапалақтай-жапалақтай болған қыс жұлдыздарының орнын көзге көрінер-көрінбес жыпырлаған жаз жұлдыздары алмастырады...

Наурызды бір ішек айы, сүрдің айы, қасқырдың жерік айы деп те атайды. Жем іздеген қасқырлар қораға шабады. Адам

өміріне қауіп төндіреді. Бұл айдың алғашқы амалы Толқыма деп аталады. Ол наурыздың 5–7 аралығында көрініс береді. Алғашқы жылымық. Осы кезде Үркер жамбасқа түседі. Мұны қазекен «Үркер шаңырақтан көрінсе, үш ай тоқсан қысың бар, ел жатқанша үркер жамбасқа келсе, жаз шықпағанда несі бар» деп тәмсiлдеген.

Айдың екінші амалы – «Әз Наурыз» онынан бастап кіреді. Көп көже, тілеу көже деген жанама аттары бар. Ол келгенде күн жылынып, қар еріген үстіне ери түседі. Осы мезгілде малшылар қатты аяздың өткенін сүйіншілеп бір қыстаудан екіншісіне қыдырып баратын болған. Әз сөзінің жақсы, игі деген мағынасы бар. Аяздың біткенін, жақсы күннің келгенін білдіру үшін әз атауын қойса керек. Бұл амал туралы: «әз болмай, мәз болмас», «шаңқан келмей, бөз болмас, шағала келмей, жаз болмас» деген мақалдар сақталған.

Жазғытұрымғы сағымның әсерінен бүкіл табиғат тұнық болып, төңірек түгел тыныштыққа бөленеді екен. Әз дүркіреп өте шығады, әз кіргенде қой жайылмай, көкке қарап тұратын көрінеді. Әз келгенде кір жуып, тырнақ алуға болмайтыны туралы қазекеннің тыйымы да бар...

Шығыс аймақтарының қазақтары жеті дәмнен құралған көже қайнатып, бірін-бірі шақырысып, мәз-мейрам болады. Батыстағы ағайындар «наурыз көжені» «Наурыз» мерекесін күтпей-ақ, қазір қолданып жүрген күнтізбе бойынша наурыздың 14-інен бастай берген. Оны «Көрісу» күні деп атаған. Пайым бойынша, айдың 14-іне ақ ұлпа қар жауатын болған. «Наурыздың ақша қары». Осы қарға қой құмалағы батып кетсе, күн жылы болады, көктем тез шығады деп,



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ЖАН-ЖАНУАРДЫҢ ӘРЕКЕТІНЕ ҚАРАП ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ

- * Егер қыста түйе ернін жыбырлатса, жылқы оқыранып жұтынар болса, онда кешікпей-ақ түйе мен жылқы қар суын ішеді, көктем ерте шығады.
- * Егер қой тұяғымен төсін қасыса, қар қалың түседі.
- * Егер қой тісін қайраса, кешікпей боран болады.
- * Егер қой қорасына еркін кірсе, жыл жақсы болады.

батпай бетінде жатып қалса, қыс созылады деп жорыған.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін наурыздың 2-ші жұлдызы, ай бойынша 10-ы, ал ескіше есепке жүгінсек, енді 11 күннен кейін наурыз айы келеді. Алдағы аптада

(2–9 наурыз аралығында) аздап қар қылаулап, октын-октын жаңбыр жаууы, аяқасты күн салқындауы мүмкін. Бұл көрініс ұзаққа бармаса керек. Дегенмен, «Тоқсанның бір күні қалса қауіп» демекші, наурыз айының ортасы ауғанша сақтанған жөн.

ДАНАЛЫҚ ӘЛІППЕСІ

КИІМДЕ ДЕ КИЕ
БОЛАДЫ...

Ертеде бір палуан жолаушылап келе жатып, жол жөнекей бір үйге құдайы қонақ боп түседі. Өзі атақты бір палуанмен күресіп, соны жеңіп келе жатқан беті екен. Дастархан басында әлгі палуанды қалай жеңгенін қайта-қайта айтып, мақтана берген көрінеді. Ал оның айтып отырған атақты палуаны босағада шай құйып отырған келіннің ағасы екен. Бауырын жығып, онысын бөсіп айтып отырған құдайы қонақтың бөстекі әңгімесі келіннің намысына тисе керек, шыдамы әбден сарқылып, әлгі қонаққа қарап:

– Сіздің айтып отырғаныңыз менің туған ағам болады. Жеңгеніңіз рас болса, менімен күресіп көріңіз, күшіңізді сынап көрейік, – депті келін.

Нәзікжанды әйел адамның бұл әңгімесі палуанның қытығына тиіп кетсе керек, шамданып қалған ол:

– Мына қатын не деп оттап отыр, боз кілемде астыма салып бір илейтін екен өзін, – деп мазақ етеді.

Одан сайын ашуы келген келін, қанша дегенмен текті жерден шыққан қыз болса керек, мақтаншақ палуанға қарап:

– Көгерміз, кімді кім жеңетінін. Мықты болсаң көп сөзді қойып, шық кілемге, – дейді.

Екеуі боз кілем үстінде күресіп кеп береді. Алғашқыда өзіне толық сенімді болған жігіт келіншектің күресіне немкеттілеу қарайды. Бірақ болдыратын емес. Әбден ашуға булыққан әйел палуанды атып ұрып, астына басып, біраз отырады.

Еркек басымен әйелден жеңілген палуан кірерге тесік таппай, әбден қорланады. Елге қарайтын бет жоқ, содан беті ауған жаққа қарай ауып кеткен екен.

Әйткенмен, жігіттің наласы бар ғой, палуанды жеңген әлгі келіншек көп уақыт өтпей қатты ауырады. Ол уақытта қазіргідей доғдыр қайда, ел аузында жүрген бір емшінің дерегін алып, іздеп барып жағдайын айтады. Сонда әлгі емші мұны ары-бері қарап:

– Сенің кеселің өте ауыр екен. Ер адамның үстінен аттап кеткен жерің бар ма еді? Егер бар болса, сол еркекті тауып, кешірімін алуың керек. Сонда ғана саған ем қонады, – дейді.

Сырақты жанына батқан келіншек қасына күйеуін ертіп, баяғы өзі жеңген палуанды іздеп жолға шығады. Ай жүріп, апта жүріп, әлгі палуанның еліне барса, ол әлдеқашан ішқұса болып өліп кеткен екен. Енді қайтеді? Міне, осы жерде әйел адамның ақылды болатыны тағы бір дәлелденеді. Ол: «Ең болмағанда палуанның киімі бар шығар, соны беріндер», – деп, палуанның өзімен күрескен кездегі киген шекпенін сұратып алады. Оны өз күйеуіне кигізіп, үш рет басын иіп кешірім сұраған екен. Содан көп ұзамай түс көріп, түсінде палуан кешірім бергенін аян арқылы білдіреді. Осылайша ол ауруынан құлан-таза айыққан екен...

ТҮЙІН:

Біріншіден, ешқашан әйелді кемсітіп, төркінін тілдеп, намысына тимеу керек. Екіншіден, әйел адамға ер-азаматтың үстінен аттауға болмайды. Үшіншіден, киімде де кие болады, сол үшін ата-бабаларымыз киімді аяқасты етпеуді қадағалаған.

ӘКЕ ТУРАЛЫ СӨЗ

- Әкең жазғырған кезде, сені еш-уақытта жек көрмейді;
- Әкең қысым көрсетіп, мәжбүрлесе саған ең жақсыны қалағаны;
- Әкеңнің үнсіз тұрғаны, сенің болашағың жайлы ойлағаны;
- Саған үнемшілдік етсе, демек өзіне мүлдем қалмағанын біл;
- Күресінген кейпін көрсең, оның себебі сен;
- Жүзінен күлкі көрсең, оны бақытты еткен сен;

- Қатал бола бастаса, ақыл-кеңесіне құлақ түрмеңің;
- Бөлменің есігін кілттеп алса, көзіне жас алғаны;
- Әкеңе дауыс көтерген күні, оны өлтіргеніңді біл;
- Өмірде жол таппай адаса бастасаң, әкенді ашуландырғаныңды біл;
- Әкең төсекте сөйлемей, аяғын созып жатқанын көрсең, үлкен тірегіңді жоғалтқаныңды және оның орнын ешбір естелік баса алмайтынын біл.

ҚАТЕЛІК ПЕН КҮНӘНІ
ШАТАСТЫРМАҢЫЗ

- Біреудің жүрегін ауырту қателік емес – жәбірлеу.
- Өзгелер жайында анық білмей тұрып, басқаларға айту, қателік емес – ғайбат.
- Біреудің өмірімен ойнау қателік емес – жексұрындық.
- Үнемі өтірік айту қателік емес – сенімді жою.
- Ата-анаға дауыс көтеру қателік емес – күпірлік.
- Біреудің сезіміне құлу қателік емес – оңбағандық.
- Біреуі көңілімде, тағы бірі құшағымда деу қателік емес – қиянат.

БЕРЕКЕСІ БОЛМАСА,
БІРЛІГІҢНЕН НЕ ПАЙДА?

Бірлігі жоқ туыстың, көптігінен не пайда?
Араласып жүрмесе, ағайыннан не пайда?
Айтқан тілді алмаса, ұл-қызыңнан не пайда?
Ынтымағы болмаса, дүйім елден не пайда?
Үлкенді сыйлай алмаса, інілерден не пайда?
Пайдасы елге тимесе, даналардан не пайда?
Жауыңа қарсы шаппаған, батырыңнан не пайда?
Жүйелі сөзін таппаған, ақыныңнан не пайда?
Ақылын айтып жүрмесе, ағалардан не пайда?
Берекесі болмаса, бірлігіңнен не пайда?

(Дереккөз: ашық интернет көздерінен алынды).